

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Атырау облысы

Аманғали Нүркелді.....	1
Асанова Гулайна	4
Байғазиева Данагүл.....	6
Бақыт Астанай.....	8
Даркенбаева Әнелъ.....	10
Ерболат Дана.....	12
Ермекбаева Жұлдыз.....	14
Ерсайынова Арайлым	18
Жұмагелдиева Толғанай.....	20
Иманғазиева Зухра	21
Қамалова Нұрай.....	24
Қамысбаева Жансая	26
Медеубаева Орынгүл.....	28
Мұқашева Гүлбану	30
Нәсіпқалиев Аманат	34
Нұрланқызы Әсима	37
Орынбайұлы Темірлан.....	39
Сәрсен Перизат.....	44

Аманғали Нүркелді

10 сынып, Қаракөл мектебі, Қызылқоға ауданы Атырау облысы
Жетекшісі: Иғалиева Г. Қ.

Жүрекпен ерлікке бас ию

Ах, соғыс, соғыс...
Сенімен ауырсам ба-ауырмасам ба,
Еске алсам ба сені - алмасам ба!
В.Астафьев

Соғыс...қандай қысқа да ызғарлы сөз! Бұл сөзде қанша қан,
ауырытпалық, адамның көз жасы бар десеңші. Ойлағың да келмейді. Бірақ біз

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жаудың еш ескертусіз елімізге тұтқиылдан шабуыл жасағанын ұмытпақ емеспіз. Соғыста еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін өз Отанын жаудан қорғады.

Ұлы Отан соғысында жеңіске жеткенімізге биыл 70 жыл толып отыр. Жеңіс бізге оңай келмеді. Жылдар өтер. Соғыстың куәгерлеріде дүниеден өтер. Сол сұрапыл жылдар туралы жаңа шығармалар да жарық көрер. Келер ұрпақ соғыс туралы тарих оқулықтары мен көркем әдебиеттен оқып білетін болады.

Соғыс...соғыс әр үйдің есігін қакты, әр үйге қайғы бұлтын үйірді. Ол ананы баласынан, әйелді ерінен, баланы әкесінен айырды. Қираған ауыл, қалалар, аштық пен салқындық, қайғы мен көз жасы. Бұдан артық қасірет бар ма? Мыңдаған адамдар соғыс қасіретін бастан кешірді, бірақ адамзат баласы әлемдік соғыстардың ішіндегі ең ұзақ та ауыр соғыста жеңіске жетті. Сол соғыс куәгерлері әлі де біздің арамызда. Әскери өмір мен соғыс баспасөз беттерінде ұмытылмас естелік болып жарық көргенімен, ол бізді ерлікке, достыққа, адалдыққа, жан тазалығына үндейді.

Мен өз құрдастарым сияқты соғысты білмеймін. Білмеймін де, білгім де келмейді. Бірақ сол соғыста жоқ болғандарда соғыстың болғанын қаламады, өздерінің Отан үшін шайқаста енді қайта күнді де, шөпті де, жапырақты да көрмейтінін сезбеді. Соғыстағы халықтың ерлігі туралы бізге және біздің ұрпақтарымызға ескірген аңыз беттері, қанға боялған романдар мен повестер, оқ тескен өлең жолдары айтып береді. Ерлік тақырыбы біздің әдебиетте ешқашан жойылмайды. Осы ерлікті суреттеуде орыс жазушысы Михаил Шолохов шығармашылығын алуға болады. Ол алғашқы шығармасында-ақ көкірегі ояу, жүректі, көзқарасы өткір, ойлау қабілеті ұшқыр болып келетін көркем бейне жасады. «Олар Отан үшін шайқасты» романында әр түрлі тағдыр иелерін соғыс алаңында кездестіреді. Ержүрек Лопахин, ұстамды Стрельцов, Звягинцев, сөзуар Поприщенко. Соғыс адамзат санасын күрескер санасына айналдырды. Бітпей қалған роман соғыста да өмір бар екенін дәлелдеді. Өмірдің осы ерекшелігін М.Шолохов ерлікпен, әзілмен, трагедиямен, махаббатпен көрсете білді.

Ал Андрей Соколовты қалай ұмытарсың? Соколов бейнесі арқылы М.Шолохов адам баласының қандай болу керектігін көрсетті. Андрей азамат соғысы жылдарында Қызыл Армия қатарында күрессе, Ұлы Отан соғысының алғашқы күнінен бастап майданға аттанады. Андрейді тағдырдың қиыншылығы мен азабы мұқалта алмады. Тұтқында болу, жақындарынан айрылу оны адамдық қасиетінен айыра алмады, өз-өзіне келіп, өзі сияқты жетім бала Ванюшканы бауырына басып, қамқорлады. Басты кейіпкердің тағдыры – бұл Отан соғысын бастан кешірген барлық халықтың бейнесі. Жазушы тағдырына мойынұсынбаған, жігері мықты адамның күшін суреттейді. Ұлы Отан соғысы туралы ащы шындықты суреттейтін шығарманың бірі Юрий Бондаревтің «Ыссы қар» романы. Сталинград

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

шайқасының өзі бір тарих. Бұл шайқаста жауынгерлер қайталанбас ерлік көрсетті. Жауға қарсы лағнетті мына Рождественский өлең жолдарынан көруге болады:

Соғысты жойыңдар,
Соғысты қарғандар, ей адамзат баласы!

Мен 10 сыныпта оқимын, мұғалімдер тарих, орыс және қазақ тілі сабақтарында бізді Отанымызды сүйуге, оны қорғауға және мақтан етуге тәрбиелейді. Біздің елдің патриоттары мен қорғаушыларының, Қазақстандықтардың арқасында біз жеңіске жеттік. Мен өз Отанымды мақтан етемін. Біз қолымызда барды бағалауымыз керек. Жақсы өмір сүру үшін біз де, ел өркендеуіне өз үлесімізді қосуымыз қажет. Біз бар байлығымызды сақтауымыз керек. Ол бейбітшілік пен келісім, ел мен халықтың бірлігі мен достығы. Біз бүгін жайлы да жарқын өмір сүрудеміз. Осыны бағалап, сақтай білейік!

Отанды сүйу – патриотизмнің белгісі, ал Отанды қорғау – әр азаматтың қасиетті борышы мен міндеті. Қаншама кеңес жауынгері жаумен соғыста мерт болды.

Кескілескен ауыр шайқастарда қатар тұрып қазақ, орыс, грузин, тәжік, украиндықтар да шайқасты. Бізге Ұлы Жеңісті халықтар достығы мен бірлік, сенімділік пен табандылық алып берді.

Біз, Қазақстан жастары, Отан қорғауға даяр болуымыз керек, себебі ел тыныштығы мен болашағы біздің қолымызда.

Мен маған және саған бейбіт те бақытты өмір, жер бетіне шуақты күн сыйлаған жандарға басымды иемін! Олар мәңгі есте сақталады!

Мен батыр ұлдарға басымды иемін. Біз бейбіт заман оқушылары, соғыс болғанын қаламаймыз. Өмір адамға жарқын болашақ құру үшін беріледі. Осындай батырлар бейнесі біздің жүрегімізде мәңгі сақталады. Біз сіздерге сенімді түрде уәде береміз:

Өтірік айтпауға, қорықпауға,
Халыққа адал болуға,
Отан-ананы сүйіп өтуге.
Ол үшін отқа да, суға да түсуге,
Қажет болса өмірді де қиюға.
А.Т.Твардовский

Асанова Гулайна

8 сынып, Жамбыл атындағы орта мектебі,
Есбол селосы, Индер ауданы Атырау облысы
Жетекшісі: Сейтқазиева Ғ. С.

Ұлы жеңіс – Қазақстан тарихының жарқын беттерінің бірі

Қараңғыда көрген жоқ оны ешкімде
Келе жатты ұрланып соғыс түнде
Келе жатты ол қап-қара, бүйі басып,
Жолбарыс боп жалаңдап жол үстінде
Сырбай Мәуленов

Соғыс! Сен қандай суық едің! Қасіреттің қара қайығына мініп, қайғыны желкен етіп, қара жерді қапсырып төніп келдің! Мен сендік салқындықты бір ғана атауыңнан сезінем. Талай армандарды сөндірген, қырандарды сендеткен, жайсаң даланы селдеткен, сендігінің барлығы сұмдық еді. Талай-талай текті ұлдарыңның өзің иемденіп алып, қанды майданға тастап жібердің. Бір сенің суық үнің қаншама ақ армандарды, сағым жылдарды, жүректе жазылмай кеткен жырларды ұрлады?!

«Отан үшін отқа түс, күймейсің!» ұранын ту қылып ұстап, қан майданға аттанған аталарымыздың сондағы ерлігін айтсаңшы.

Үстімді сұр шинелім,
Ақсаңдай басып келемін
Ұмытса да достарым,
Ұмытар ма мені елім,

-деп Қасым Аманжолов атамыз жырлағандай, елі үшін қасық қаны қалғанша арпалысқан ер мінезді ұлдарының ерлігін ұмытпақ емес, ұмытпайды да.

Ел басына күні туып, етігімен су кешкен қиыншылық жылдарды мұң-шерге толы жырлады тамаша суреттеген ақын өлеңін оқи отыра, сол кезге бір көз жүгіртсең, сезінесің, түсінесің, шошисыңда жиренесің. Сол кезде ерлік көрсеткен жауынгерлерге бас иіп, әрдайым есімдерін сан қайталап отырасың.

Үйдің жылысын қыс келгенде білерсің,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Кімнің батыр жау келгенде білерсің,- деп Балпық би айтқандай жау келгенде тойтарыс бере білген батыр сан мыңдаған еді.

Қасына қару алып «Фашизмнің тамырын құртамыз» деп ерлік көрсеткен. Қасым Қайсенов, Бауыржан Момышұлы есімдері тарихқа алтын әріппен жазылды. Әлия Молдағұлова, Мәншүк Маметова сынды апаларымыз кара бұлт төнген кезде нағыз ер мінез танытты. Сызға ұйықтап, мұзды жастанатын қанша өмір қиылды. «Ертеңгі ұрпақ келешегінің арманы ақ болсын, жүзінде күлкі жайнасын, аспаны шуаққа толсын» деп тілек еткен жандар еді. Майданға жауынгер қолына қаруын алса, Жамбыл Жабаев өз жырларын қару ғып жұмсады. Еңіреп кеткен ерлерді жігерлендіріп, рух беріп отырған. Жамбыл атамыздың өлеңдері талай жауынгерлердің қалтасынан табылып жатты. Күні-түні жарылған бомба, атылған оқ жер-ана төсінде ойран салды.

Жеңіс бізге оңайлықпен келген жоқ, адамзатқа соғыс үлкен апат әкелді. Оның зардабы тым қымбатқа түсті. Ананы баласынан, баласы қазір 18 жаста өзінің кім екенін білмей жүргендер аз емес сияқты. Ел басына қауіп төнген кезде өрімдей жас болған атамның қолында қару алып, жауға қарсы аттанғаны бүгінде ұрпақтары бізге мақтаныш. Шындап келгенде, бүгін тәуелсіз мемлекеттің ұланы болып жүргеніме атамның да үлесі зор. Аспанымыз ашық болуына ол кісілер жастық ғұмырын сарп етті, қаншамасы қыршынынан қиылды. Жылжып уақыт, жылдар өтсе де, қазақ халқының тарихында Ұлы Отан соғысының ізі мәңгі өшпейді. Жеңіс үшін қанша адам отбасын тастап, соғысқа аттанды. Бойларын рух пен намыс кернеген абзал азаматтар ел басына күн туған, ауыр кезде от пен оқтың ортасында жүріп, Отан үшін отқа түсті. Қанша азап тартса да, келер күннен үміт үзбей, жеңіске, азаматтыққа ұмтылды.

Қазақ халық ата-бабасы қорғап, келер ұрпағына мұра ретінде қалдырған дархан даласында қанат жайып, өркендеп өсіп келеді. Бабалар ерлігі өшпек емес. Жеңіс күні соғыстан оралмай қалған ерлеріміздің рухына бас иіп, арамызда жүрген соғыс ардагерлеріне құрметпен қарап, олардың қайсарлықтары мен ерліктеріне тағзым ететін күн емес пе?! Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Ұлы Жеңіс – Қазақстан тарихының жарқын беттерінің бірі. Бұл – қан майданда от кешкен соғыс ардагерлері мен сол жылдарда. Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін деп, құлақтары жастыққа тимеген тыл ардагерлердің мейрамы деп атап өткен болатын.

Соғысты басынан өткеріп, жеңіс үшін жанын берген аталарымызды, сол жылдарды қиындыққа төзіп, тылдағы ауыр жұмыстарды атқарып, сонымен

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Жеңіс күндерді жақындатқан апаларымыз бен әжелерімізді мақтаныш етеміз. Осы орайда ел намысы мен Отан абыройы жолында от кешіп, кеудесін отқа тосқан қандастарымыз бен жерлестеріміздің есімін жаңғыртып, жас буын санасына сіңіре түсу – біздің басты борышымыз. Біз әрқашанда Жеңіс күнін аға буынның Отанға деген сүйіспеншілігінің, жастарды патриоттық сезім мен ерлікке тәрбиелейтін өлшеусіз өнегесі деп білеміз. Өкінішке орай, жыл сайын ардагерлердің қатары азайып бара жатқандығы көңілге қаяу түсіреді. Бірақ көзден кетсе де, олардың көңілден кетпесі анық. Олар тек жеңіс әкеліп қана қойған жоқ, сонымен қатар, ел еңсесін көтеруде аянбай еңбек етті. «бұл өмірде әр ісінің жаңғырығы болады» жеген Мұхтар Шаханов ағамыздың сөзін сараласақ, бүгінгі ашық аспанның кешегі жаңғырығы отты жылдар еді. Біздің міндетіміз – бабаларымыздың сыйлаған ел тыныштығын сақтау.

Байғазиева Данагүл

10 сынып Есбол ауылы, Индер ауданы Атырау облысы

Жүз жасаған майдангер
Бізге жат қақтығыстар әлемдегі,
Болмасын енді ешкімнің алар кегі.
Бейбітшілік, ынтымақ, жасасын тек,
Мирас боп ұрпақтарға, жасасын тегі.
Сансызбай Базарбаев

Ұлы отан соғысында ел мен жерін қорғауда миллиондаған жауынгер неміс басқыншыларына қарсы соғысқа аттанып, қаншама боздақ сол далада ерлікпен көз жұмды десеңізші. Оның ішінде қазақ азаматтарының да ерлігі аңыздай айтылып, ұрпаққа үлгі болып жүр. Міне, осы соғысқа ауданнан аттанған 1348 солдаттың бірі елге аман-есен оралып, бүгінде 100 жасқа шығып, отырған Байғазы Баेतұлы болатын.

Атырау облысы, Индер ауданының Есбол ауылында Байғазы Баेतұлы есімді соғыс ардагері тұрады.

Майданнан ауыр жараланып келген. Өзінің айтуынша, алған жарақатына байланысты І топтағы мүгедек болып есептеледі. Бірақ, елге оралған бетте мұндай санаттағы жандарды жұмысқа ала қоймаған. Сол себептен мүгедектігін II топтағы санатқа ауыстыруға тура келіпті. Сөйтіп, мал

шаруашылығы саласында ветеринар, кейіннен ветфельдшер қызметтерін абыройлы атқарыпты.

- Жаратқан Иеміз қуат беріп, биыл 100 жасқа толып отыр. 1914 жылы Қызылқоға ауданындағы Тайсойған өңірінде дүниеге келген. Байғазы 16 жасқа толған 1930 жылы әкеміз Байет пен анамыз Қазы үш баласымен Есбол ауылына көшіп келіпті. Ол кезде бұл Кулагина аталатын, кейін «Правда» деген колхоз болды. Біздің атаны да сол ұжымшар мүшелігіне қабылдады. Сөйтіп, пішен шауып жүрген Байғазы ата 1942 жылы майданға алынады.

– Біз екі әскери жаттығуда болдық. Көзім жақсы көретін. Тақтайға ілінген нысанаға үш рет тигізесін мені мерген деп бағалады. Соғыс өлім мен өмірден тұрады ғой. Қорыққандар болған жоқ деп айтуға болмас, дегенмен бәрінің көкейіндегісі жауды жеңсек деген үмітте болды. Бара-бара жарылған снарядтарға бойымыз үйрене бастады. Басқа түскен баспақшыл, – дейді атай өткенді еске түсіріп.

Екінші дүниежүзілік соғыс басталған сәтте орда бұзар отызға толмаған жас жігіт еді. Ер азаматтың бәрі майданға атанып жатты. Кезек Байғазы атаға да келді. 1942 жылдың басында соғысқа аттанып жүре берді. Осы кезде майдан даласы от пен оққа оранып жатыр еді. Алғашында екі айлық оқу-жаттығудан өтіп, мергендігімен көзге түскен қазақ жауынгері көшпен бірге Харьков, Минск қалаларын жаудан босатуға ат салысты. Кейін Сталинград түбіндегі шайқастың бел ортасынан табылды.

Сталинградты қорғауда бірнеше рет жарақат алды. Әсіресе, Дзержинск станциясы үшін болған ұрыс атамыздың есінде ұзақ сақталып қалған. Өйткені, дәл осы бекет түбінде жаудың қарша бораған оғы бас көтертпей, бір адым алға жылжу мүмкін болмады. Оның үстіне төбеден түскен бомба да майдан даласын астаң-кестең етіп жатты.

– Өліп жатқандарға ешкімнің де қарауға мұршасы жоқ. Кейін шегінуге де болмайды. Тек алға жылжу қажет. Жаудың бекінісін бұзып, бетін қайтаруға ұмтыла берді. Көп адам қырылып қалды. Біздің ротаға Дзержинск стансасын азат ету тапсырмасы берілді. Әуеден тасталып жатқан бомбаның есебі жоқ. Оқ қарша борап тұр. Есін медсамбатта жыйды.

Сол шайқас зардабы қазақ жауынгерлеріне оңай болмады. Басынан жері тағы бар. Әскери госпитальдарда ұзақ емделіп 1943 жылдың аяғында елге мүгедек болып оралды.

Жеңістің сағаты сол бір жыл бұрын өмірлік жары Жәмішпен дәм-тұзы жарасып, шаңырақ көтерді. Отбасында іңгалап он сәби дүниеге келді. Байғазы

қария өз ұрпағынан отыздан астам немере сүйді. Ал шөберелерінің қатары қырыққа жақындады.

– Жаратқан иеміздің сыйы ғой, – деді майдангер қария жүз жасауының ерекше құпиясына қаныққым келіп қойған сауалымызға орай. – Көмек сұраған жанның біріне қамқор қолымды создым.

– Сондайда үлкендер: «Анаңның жасына жет айналайын!» деуші еді. Сол үлкендердің берген батасы мен алғысы Алланың құлағына шалынған шығар. Шешем Қази 1976 жылы 114 жасында өмірден өтіп еді...

– Бұл күнде мәуелі бәйтерекке айналған Байғазы қарияның қарашаңырағының шаттығын кенже ұлы Марат шалқытып отыр. Оның өзі де келін түсірген. Балаларынан өрбіген шөберелері алдына отырып алып:

«Ата, мынаны қашан алдыңыз» деп әрбір орден медальдарының сырын білуге таласамыз. Бір ғасырлық ғұмырында мойымаған майдангер: «Ауылдың Мұрат Орақов пен Мәрзия Жұмағалиева деген дәрігерлерін шақырсам болды, күн-түн демей қасымнан табылады. Жылы сөзімен көңілімді көтереді, ем – домымен сырқатымды емдейді. Ауданның басшылары ауылға келіп, жағдайымды сұрап тұрады. Ал балаларым мен немере-шөберелерінің маған деген көңілі тіптен ала бөтен, бәрі де мәпелеп отырғанына ризамын», дейді.

– Қаққан қазықтай тік отыратын еңселі биік майдангер құжат бойынша бүгін, 9 мамырда 100 жасқа толады. Менде Есбол ауылында тұратын карт майдангердің ұрпағы болғанымна қуаныштымын. Байғазы атамыз немере-шөберелерінің ортасында аман-есен отыруына тілектестігімді білдіремін.

Бақыт Астанай

10 сынып, Н.Тілендиев атындағы

Кіші өнер академиясы Атырау қаласы

Жетекшісі: Темірғалиева Ақтоты Болатқызы

Сталинградтық сарбаз

Мен осы шағын мақаламда Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында қан майданның қақ ортасында болып туған жерге 1213-тің бірі болып аман оралып, бірақ өмірден ерте кеткен атам Бақыт Кенжалыұлы жайлы жазбақпын.

Ол кісі Есбол ауданы аумағындағы Толыбай құмында 1922 жылы дүниеге келіп, 19 жасында Есбол аудандық комиссариаты арқылы майданға аттанады. Екінші дүниежүзілік соғыстағы ең ірі шайқастардың бірі – Сталинград шайқасына қатысып, сол шайқастардың бірінде алған ауыр жарақаттың салдарынан II топ мүгедегі деп танылып, 1944 жылы елге оралған.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Елге оралып келе жатқан жолдың өзінде қаскөй жау пойыздарына самолетпен шабуыл жасап, бомбалағаннан вагондары от жалынға оранады.

Село тұрғыны болған тілші, марқұм Ғ.Шәріпов «Дендер» газетінде жарияланған мақаласында: «Волгоградқа барған сапарында Волга бойындағы қаһарман қаладағы Мамай қорғанында болған кезде мұражайда, соғыс кезіндегі майдандық газеттердің бірінде Бақыт Кенжалиннің ерлік көрсеткені туралы жазылған» деп жазған еді. 22 жасар жігіт елге оралған соң «II топ мүгедегі» деген мәртебені алуға арланып, жарақатына қарамастан колхоз жұмысына белсене араласады. Сол арқылы аудан экономикасының өрлеуіне елеулі үлес қосты. Ақ түтек боранмен арпалысып бірнеше шақырымдық Каспий теңізі жағасындағы қыстаққа мал айдау немесе сол кездегі мемлекеттік міндеттемеге сай тапсырманы орындау жолындағы күрес, «қайтсек мал басынан шығын бермей көбейтіп, еліміздің жағдайын көтереміз» деп соғыста қан төккендерге тылда зор қолдау беріп, тер төге еңбек етті.

Кезінде үкімет те атамның еңбегін бағалап, ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің үлкен қалаларда өткен жиындарына делегат етіп жіберсе, Еңбек Қызыл Ту, Қызыл жұлдызы ордендерімен, «В.И.Лениннің 100 жылдығы» мерекелік медалімен марапатталып, есімі республиканың «Алтын құрмет» кітабына жазылды. 1947 жылы әжем Сатқанқызы Зиядамен отау құрып, 7 ұл-қыз тәрбиелеп өсірді.

Отан үшін он тоғызында от кешкен, жан аямай еңбек еткен атамыз 1975 жылдың 25 қаңтары күні 53-ке қараған жасында дүниеден өтті. Осы жылы Ұлы Жеңістің 30 жылдығына орай қарулас майдангерлермен кездесуге шақыру қағазы да келген болатын. Жаны жайсаң, жүрегі жомарт, алдына аға деп келген кісінің меселін қайтармайтын қамқоршыл, жатты да жақын қылатын бауырмал, дос-жаранның қадірін білетін парасатты кісі еді.

Менің әкем Темір Кенжалин 7 баланың кенжесі, атам қайтқанда 10 жаста екен. Көп деректерді Есбол селосында тұратын, Жамбыл атындағы орта мектептің тарих пәнінің мұғалімі Әлима ападан алдым. Атам өмірден ерте өтіп кеткендіктен, оның есімі көп аталмай келеді. Сондықтан, соғыстан оралғанмен, басқыншылар оғының зардабынан тым ерте дүние салған атам сияқты Отан қорғаушылардың есімін ұрпағы ұмытпасын деген оймен қолыма қалам алып отырмын.

Даркенбаева Әнелъ

9 сынып, Облыстық дарынды
балаларға арналған мектеп-интернаты
Атырау облысы

Отан үшін от кешкен жалынды жылдар

Сол майдандар... қатты айқас
Есінде ме, өр Айдар
Өшкен құрбан...аққан айлар
Өткен жылдар...көп айлар
Жұмағали Саин

Адамзат! Сіз бір сәт халқымыздың тарихына үңіліп қараңызшы. Қайран қазағымыздың ұлдары мен қыздарының қанымен өшпестей болып жазылып қалған қанды жылдарды ой елегінен өткізіп көріңізші. Солардың ішінде талайдың қанын судай ағызған, талайдың тәнін жаралаған, талай жанның жүрегіне мұз болып, көңіліне сыз болып орнаған Ұлы Отан соғысының жанымызға салған жарасы, жүрегімізге басқан қара таңбасы ешқашан өшпейді. Бұл соғыс төрт жыл бойына ел басына қайғының сейілмес қара бұлтын төндірді. Өз перзентін қай майданға аттандырып жаутаңдаған дала қалды, сұм фашистке қарғысын жаудырып ана қалды. Жан жарын соғыс өртіне аттандырып жесір қалды, жан әкесін ажалға аттандырып жетім қалды. Ел күйзелді. Дала қара жамылды. Тау мен тас тебіренді. Жер-ананың жүрегіне найза қадалды.

Дәл осындай сәтте тынысы да бір, тілегі де бір, талай зұлматты бастан кешірген халқымыз бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара білді. Майдан тылында еңбек ете жүріп, майданның тыл ортасына аттанған жақындарын зарыға күтті. Ал Отан үшін арын алау еткен, жанын жалау еткен, жанын шүберекке түйіп ел қорғауға аттанған аталарымыз бен әжелеріміз, батыр ағаларымыз бен апаларымыз аузын арандай ашып, адуын келген ажалға қасқая қарсы тұрды. Олар туған жердің топырағын қорғау жолында бүгінгі ұрпаққа үлгі боларлықтай үлкен ерлік жасады. Өз өмірлерін болашақ ұрпақтың кемелді келешегі жолында құрбан етті. Иә, талай жауды жер жастандырып, өздері шығыстың қос шынары атанған Әлия мен Мәншүк апаларымыз қазақ қыздарының асыл қасиетін батыстың бүкіл еліне мойындатты. Кеңес сарбаздарына төзімділік пен табандылықтың, ерліктің үлгісін көрсеткен Бауыржан атамyzдың есімі аңызға айналды. Ал рейхстагқа жеңістің туын

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

тіккен Рақымжан атамыздың ерлігі бір төбе. Ерліктерімен тәнті қылған ерлеріміздің есімі айта берсек, таусылмас дастанға ұласардай. Бұған дәлел: алақандай Атыраудың өзінен он бір мыңға жуық адам майданға аттанған. Миллиондаған жанды жер бетінен көктей жұлып түсірген осы алапат жиырмамыншы ғасырдағы тарих бетінен түскен қара таңба. Өйткені бұл соғыстың құны – ағылған қан, қиялған жан, төгілген тер, көмілген ер, зарлаған ана, жетім қалған бала, қираған жамбас, қураған мың бас. Жиырма миллион боздақтың тағдыры қиылды, жиырма миллион боздақтың жұлдызы сөнді.

Жоқ! Ол жұлдыз сөнсе де, олардың арманы сөнген жоқ. Олар арман еткен болашақ бүгінде тәуелсіздіктің туын желбіретті, сөнген жұлдызды қайта жақты. Біз, бүгінгі ұрпақ, олар бастан кешірген қанды оқиғаны, олар татқан өмірдің ащы дәмін ешқашан ұмытпаймыз. Себебі, олар бізге Ұлы Жеңістің арайлы таңын сыйға тартты. Осы бейбіт өмір үшін талай боздақ белдескеннің белін сындырды, тірескеннің тізесін бүктірді, таяқтан тайсалмады, семсерден сескенбеді, қысқасы, Кеңес әскерінің кім екенін танытты. Міне, жер мен көкті бір сілкіндіріп, Отанымызға қуаныштың арайланған таңы атты. Бұл 9 мамыр – Жеңіс күні еді. «Жеңіс, жеңіс» - деп бар әлемге жар салды. Жылдар бойы асыға күткен жеңістің жалауының желбірегенін естігенде жасы да, кәрісі де, жетімі же, жесірі де қуаныштан төбелері көкке жеткендей күй кешті. Сол сөзді естігенде барлығының арқасынан ауыр жүк түскендей болды, жүрекке қадалған, төрт жыл бойы жүректі жаншыған оқ қайта суырылып алынғандай болды. Қаһарлы соғыстың ащы тауқыметін көрген жандар жеңістің тәтті дәмін татқан кезде өмірге жаңадан аяқ басқандай күй кешкен болар. Сол жеңістің куәсі болып арамызда соғыс қасіретін тартқан, жүздерін әжім армансыз шимайлаған, самайларын ақ шалған санаулы ғана ардагерлеріміз қалды. Оларға сый құрмет көрсетіп, алақанға салып аялау – кеудесінде қорғасын оғының қалдығы бар, соғыс салған жара бар, қан майданның өрті бар, өткен күннің дерті бар. Жүзі басқа жүрегі бір, тілі басқа тілегі бір сондай жандардың өшпес ерлігі, қайтпас қайсарлығының арқасында ғана біз жеңіске жеттік.

Біздің қаламызда жыл сайын жеңіс күні ерекше аталып өтіледі. Бұл күні біз жанұямызбен Жеңіс саябағына барамыз. Бәріміз мәңгілік алаудан алдына гүл шоғын қойып, бір минут үнсіздікпен қаһарлы майданда ерлікпен қаза тапқан ата-әжелерімізге тағзым етеміз. Мәңгілік алау жанынан балдаққа сүйенген қартты көрсем, жерлесіміз Әбу Сәрсенбаевтың

Сен құрметте оны
Түсіндің бе, қарағым?!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ол ақшаға сатқан жоқ
Тізеден кесіп аяғын,

- деген өлең жолдарын еріксіз қайталағым келеді. Сол сұрапыл күндердің куәсі болған жандарды көргенде, ет-жүрегім елжіреп кетеді.

О, адамзат! Жер-анаға тыныштық керек. Төбемізге ашық аспан керек, ерлік пен елдікті, батырлықты жырлайтын жазылмаған дастан керек. «Соғыс» деген сұм сөзді, өртке оранған отты жылдарды біз тек өткен күндердің легінен көрсек екен.

Мен бүгінгі толғанысымды ақын ағамыздың мына бір өлең жолдарымен аяқтағым келеді:

Бола ма соғыс?
Біздікі – Жеңіс!
Бірақ та соғыс
Болмасын деңіз!

Ерболат Дана

5 сынып, №13 мектеп-гимназиясы, Атырау қаласы
Жетекшісі: Жиенқұлова А. Т.

Жойылсын жалғыз сөз соғыс деген...

Сен құрметте, оны,
Түсіндің бе, қарағым?
Ол ақшаға сатқан жоқ,
Тізеден кесіп аяғын.

Ұлы Отан соғысының аяқталғанына ондаған жылдар болыпты. Біздер үшін, яғни, кейінгі ұрпақ үшін бұл оқиғалар тарих ретінде ғана қалды. Бірақ, ой елегінен өткізіп қарасам, сол Ұлы Отан соғысы кезінде өмір сүрген адамдардың әрқайсысын да батыр деп айтсақ қателеспеген болар едік. Біз қазір бақытты ұрпақпыз. Менің атам соғыс басталған кезде дүниеге келген. Атам соғысты көрмесе де, оның тигізген зардабы мен ауыртпашылықтарын қинала-қинала есіне алады. Өзінің білім алу жолында қандай қиындықтарға кездескенін әңгімелеп отырады. Ал, енді ойлап қарандаршы, Ұлы Отан соғысы кезінде өмір сүрген адамдардың күні қандай болды екен? Күн сайын майданнан қандай келер деп елеңдеумен жүрген аналар қандай күй кешті екен десеңізші?! Қазір кейбір балалар сабағын оқымай, теріс жолға түсіп кетіп

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жатады, осындай жағдайлар мені қатты алаңдатады. Соғыс кезінде бір үзім нан болса да, майданға барсын, ата-әкелерімізге пайдасы тисін, бізге аман-есен оралсын деген бүлдіршін балалар тәтті тағам жегісі, әдемі киінгісі, сабақ оқығысы келмеді деймісіз? Әрине, келді. Ал қазіргі балалар бұл жағдайды түсінбейді. «Ата-ананың қадірін балалы болғанда білерсің» демей ме? Біздің де арасында балалықпен ата-анамыздың айтқанын тыңдамай қалатын кездеріміз болады. Сол кезде олар бізге түсіністікпен қарап, жылы сөздер айтқанда бір марқайып қаласың. Ал ол кездегі балалардың жақын аталары, бауырлары, әкесі майданда, ол анасы таңнан кешке дейін жұмыстар жасайды. Бесіктегі балаларын үйлеріне тастап, білек сабана еңбек етуге кірісіп кетудің өзі ерлік емес пе? Жыл өткен сайын адамның ақылы толысып түспей ме? Мен кішкентай кезімде түсінбеген заттарымды қазір түсіне бастағандаймын. Бала кезімде үлкен ата-әжелер неге жылайды, олар үлкен емес пе деп ойлайтын едім... Сөйтсем, олар сол кездегі көрген қиындықтары естеріне түсіп, жас ұрпақ соны көрмесе екен деп жылайды екен. Сонау 1941 жылда ұрыс даласында немесе тылда осынау жарқын болашаққа жете алмай кеткен бауырларын, достарын ойлап жылайды екен...

Қан майданның жүректе жарасы бар,
Қайғысы мен зілі бар, наласы бар.
Арамызда жүретін алшақ басып,
Ардагерлер азайып барасыңдар.
Қастерлейді халқымыз қаһарманын
Жүр есінде сан жарық, сапарларын
Қайран ерлер, қаһарман ардагерлер,
Қалды-ау сиреп бұл күнде қатарларың.

Осы өлең жолдарын оқығанда толқып, көзіңе еріксіз жас үйіріледі. Адамның ең бақытты кезі жастық пен балалық шағы емес пе? Балалық пен жастық шағын қорлаған, аналарды балаларынан, балаларын әкелерінен айырып, күнә арқалаған жауыздар бұл туралы ойлаған жоқ. Өз қара басы үшін, көзін шел қаптап, мыңдаған адамның көз жасына қалған олар, көп жандардың өмірін сындырды. Кейде жаңалықтарда, зардап шеккен адам саны көп болмады, бір адам деп айтып жатады. Сол бір адам, мүмкін біреулер үшін бүкіл әлем, өмірінің мәні шығар. Ал, соғыста жарық дүниемен қоштасқан адам санын ойлау да қорқынышты.

«Ақ тайлағым-ай» деген кітапты оқыдым. Ол кітапта әкесін соғыстан күткен бала туралы әңгімеленген. Біз бес минут күтсек, шыдамымыз таусылып, «он сағат күттім ғой» деп айтатынымыз өтірік емес. Ал әлгі бала болса «жаздың бір күнінде солдаттары бар состав өтеді» дегенді естіп, жаз бойы ойынның бәрін ұмытып, әкесін бір көріп қалу үшін таңнан кешке дейін күтуі таңғалдырады. Әкесінен «қара қағаз» келгендегі баланың жай – күйін

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

автор ерекше бере білген. Әкем келгенде көрсетем деп өсірген ағашын құшақтап жылағандығы туралы оқығанда, көзімнен жас ыршып кеткенін өзім де сезбей қалдым. Бұл тек бір баланың тағдыры, мыңдаған балалар осындай сезімді бастан кешірмеді ме деймісіз? Осы оқиғаны оқи отырып, бәлкім, өздеріңіз де терең ойға кетерсіз?..

9 мамыр жай ғана мейрам емес. Бұл мейрам сол кездегі халықтың қайсарлығын, өжеттілігін, төзімділігін паш ететін, тарихта алтын әріптермен жазылатын асыл мереке. Бұл мейрамды соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер, өздерінің тылдағы қажырлы еңбегімен жеңісті шыңдаған, егін даласында, тігін фабрикаларында, күні-түні мал бағып тынымсыз еңбек еткен жұмысшылар, ауыл адамдары, аяулы да даңқты әжелеріміз – өздерінің ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін көзінен жасы сорғалай жүріп, төзімділікпен күткен, олардың орнын жоқтатпаған аналар мен жұбайлар, қалыңдықтар мен қыздар тойлайды. Елі мен жері үшін жанын пида еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл ел болып сағынышпен есіне түсіреді. Сондықтан да бұл күн бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер – солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтінін дәлелдейтін белгі болып қала бермек.

Сен құрметте оны!

Түсіндің бе, қарағым?

Сенің келешегің үшін берді ол

Азаттық жолында аяғын.

Келешек еліміздің дарқан даласы кең, аспаны ашық болсын!

Жұдырықтай жұмылған, білектей біріккен Қазақ елі жасасын!

Ермекбаева Жұлдыз
9 сынып, №23 орта мектебі
Атырау облысы

Ерлікке тағзым

Ұлы Жеңіске – 70 жыл. «Елу жылда – ел жаңа», - дейді халық даналығы. Соғыс зардаптары ұмытылып, ел қайта түлегендей уақыт өтті. Арамызда майдангерлер де азая бастады. Осыдан жетпіс жыл бұрын фашистік Германия КСРО деп аталатын елімізге тұтқиылдан шабуыл жасаған болатын. Кенеттен басталған соғыс бүкіл елімізді абыржытып, жау мемлекеттік шекарамызды

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

бұзып өтіп, қалаларымыз бен селоларымызды бірінен соң бірін басып ала берді. Осындай жасанып келген жойқын жаудың бетін халқымыздың бірлігі, қайсарлығы, өз Отанына деген сүйіспеншілігі, жауынгерлеріміздің батырлығы қорғап қалды. Майдан даласында ерлік көрсетпеген солдат қалмады. Олар ақтық демі қалғанша жаумен жағаласып, жастықтарын алып өлді. Соңғы деректер бойынша Ұлы Отан соғысында жиырма жеті миллионға жуық адам қаза болды.

Соғыс оты шаңырағын шарпымаған бірде бір отбасы қалмады. Ана жесір, бала жетім қалды. Сондықтан жыл сайын атап өтілетін тоғызыншы мамыр Жеңіс күнінде адамдардың көзінен жас моншақтайды. Себебі, біреудің жары, біреудің әкесі, ал біреудің баласы сонау алыстағы майдан даласында қалды. Қазақтың талантты ақыны Мұқағали Мақатаев былайша жырлаған еді:

Жасылмен бояп қойған ба?
Жап- жасыл таудың бөктері
Қырлар да, мынау ойлар да,
Жап-жасыл болып көктеді.
Соғыстың соңғы көктемі.
Көп болды жасыл тауларға,
Жап- жасыл бұлттар шөккелі
Әкелді шуақ бар маңға,
Соғыстың соңғы көктемі
Соғыстың соңғы көктемі
Көп болды нұрын төккелі
Жап-жасыл анау аспан да,
Аспан да, сірә, көктеді
Бойына таудың асылып,
Шұғыла тұрды, көк меңі
Қызғанып, гүлін жасырып
Қылтанақтар да көктеді.
Соғыстың соңғы көктемі.

Жап-жасыл шыбық, тал -дағы
Орманның жасыл шекпені,
Қуанта, бірақ, алмады,
Сонау бір үйді шеттегі,
Соғыстың соңғы көктемі...

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ұлы Отан Соғысына Қазақстаннан аттанған жауынгерлер де өз үлестерін қосты. Біздің аталарымыз, әкелеріміз бен ағаларымыз, апаларымыз ерліктің өшпес үлгісін көрсетті. Қазақстанның бес жүзден астам жауынгері ең жоғары атақ – Кеңес Одағының Батыры деген атаққа ие болды. Бұл атаққа Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский екі мәрте ие болды. Ал жұлдызсыз батырлар қаншама еді? Кеудесіне Алтын Жұлдыз тақпаса да ерліктің өшпес үлгісін көрсетіп, халықтың ыстық ықыласына, шынайы сүйіспеншілігіне бөленген қазақтың біртуар перзенттері аз болған жоқ. Солардың бірі батыр атамыз Бауыржан Момышұлы болатын. Әрі батыр, әрі жазушы Бауыржан Момышұлының көптеген қанатты сөздері нақыл сөзге айналды. Халық батыры Бауыржан Момышұлының мына қанатты сөздері әркімнің жүрегінде:

Мен істедім дегенше,
Мың істеді десеңші.
Мың істеді дегенше,
Ер істеді десеңші.
Ер істеді дегенше,
Ел істеді десеңші.
Мен мыңдікі болмасам,
Ер елдікі болмаса,
Кім істеді дер едің?

Шынында, Ұлы Жеңіске бүкіл еліміз, барша халқымыз өз үлестерін қосты. Соғыс даласында мыңдаған боздақтар құрбан болып, тылдағы тарландар талай тамааша ісімен таңқалдырды. Майданда қан кешіп жүрген жауынгер еліміздің туы болса, тылда тер төгіп жүрген жұмыскер ту қадайтын тұғыр еді. Ерсіз елі жоқ, елсіз ері жоқ. Елі бірігіп, ерің шындамаса, ері қосылып, елін қорғамаса абыройдан жүрдай болғаны.

Бабалардан мұра болған ерлік, елдік дәстүрі тізе қосып, бірігіп ата жауға қарсы аттану болса, қырқыншы жылдың қаһармандары ажалға қаймықпай қарсы тұра білді. Оған ата -бабаларының рухы дем берді, елі мен жұртының аманаты қайрат қосты, ата-ананың ақ батасы рухтандырады, сүйген жарының, бауырларының ақ тілегі қуат болды. Қазақтың белді ақыны Сырбай Мауленов былайша жырлады:

Жаутаңдап қара дала тұр,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Көз жасын сүртіп жаңа бір.
Хабарсыз ұлын сұрауға
Жолыңды тосып ана жүр.
Қанша үйдің ұрлап адамың,
Қанша үйде сөніп қалды оттар.
Көрдің бе ұлын ананың
Соғыстан қайтқан солдаттар.

Ұлы Отан соғысына қатысып, атақтары әлемге жайылған қазақ халқының батыр ұлдары мен қыздары аз емес. Олардың қатарына Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдуллин, Талғат Бигелдинов, Қасым Қайсенов, Мәншүк Маметова, Әлия Молдағұлова, Хиуаз Доспанова тағы басқаларды айтуға болады. Бұл тізімді соза беруге болады, әрине.

Бастапқы кезеңде Кеңес Одағына тұтқиылдан шабуыл жасаған неміс фашистеріне деген кек пен өшпенділік поэзияда халықты ізгі күреске шақыру, үндеу сарынында көрінді. Қазақ ақындары А.Токмағанбетов, Т. Жароков, Ә.Сәрсенбаев, Ә.Тәжібаев, Ж.Саин, Қ.Аманжолов, Ғ.Орманов, С.Мәуленов және басқалардың бұл кездегі жазған лирикалық өлеңдері азаттық соғысқа аттану, жауды жеңіп, кек алу тақырыбына арналды. Ақын, жазушылар өз шығармаларында елге төнген қауіпке, одан құтылу үшін басқыншыларға қарсы аяусыз соққы беру қажет екендігіне халық назарын аударды.

Қазақтың біраз ақын-жазушылары қан майданда қан кешіп жүріп өз өлеңдерін жауға оқ қылып атты. Солардың бірі Қасым Аманжолов «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасында былайша жырлады:

Қасиет күші Ұлы Отанның
Қанатын бер қыран құстың
Ашуын бер арыстанның,
Жүрегін бер жолбарыстың.
Күллі әлемнің ашу- кегі
Орна менің кеудеме кеп
Жау жолына атам сені,
Бомаба бол да жарыл жүрек.

Ұлы Жеңіске – 70 жыл. Бұл аз уақыт емес. Соншама уақыт өтсе де соғыс салған жараның табы көңілдерден кетер емес, ызғары өшер емес. Енді соғыс болмасын, аспанымызда мәңгі күн күліп тұрсын. Сәбилердің ұйқысы тыныш

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

болсын. Елімізде тыныштық, бейбітшілік болсын. Соғыс деген суық сөз мәңгілік өшсін. Ерлік тек бейбіт өмірде жасалсын. Ақ көгершін аспанымызда мәңгілік қалықтасын.

Ерсайынова Арайлым

8 сынып, №19 мектебі, Құлсары қаласы
Атырау облысы

9 мамыр – Ұлы Жеңіс күні. Осыдан 69 жыл бұрын, бұл күні адамзат тарихындағы ең сұрапыл, жойқын соғыс, біз үшін Ұлы Отан соғысы аяқталды. Екінші дүниежүзілік соғыс, біз үшін Ұлы Отан соғысына 6 материктің сол кездегі әлемнің дербес 60-тан астам елі қатысқан болатын.

Айбынды білек, жеңістеріне сенімді ыстық жүректері мен қайрат күштерімен кешегі жігіттер бүгінгі, өнегелі аталарымыздың арқасында 1945 жылдың 9 мамыр күні Ұлы мейрам – жаудың жеңіліп, соғысты жеңіспен аяқтадық! Бұл сол кездегі Кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің тылдағы қажырлы еңбегімен жеңісті шыңдаған, станоктың қасынан, егін даласында, күні-түні мал бағып, тынымсыз жұмыс істеген жұмысшылар, ауыл адамдары тойлайды. Бұл мейрамды біздің аяулы да даңқты әйелдеріміз-өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін көзінен жасы сорғалай жүріп төзімділікпен күткен, олардың орнын жоқтатпаған аналар мен жұбайлар, қыздар мен қалыңдықтар тойлайды. Сонымен қатар Ұлы Жеңіс еуіні –жанын елі үшін пида еткен, жері үшін дәм-демі қалғанша күресіп, қайтыс болып кеткен батыр аға-әпкелерімізді еске түсіретін, сағындыратын күн.

30-жылдардағы әлемдік дағдарыс көптеген мемлекеттердің экономикалық, әлеуметтік және халықаралық қатынастарын шиеленістірді. Бұл жағдай әлемдік билікке талпынған күштердің ең қауіптісі – Германияда орнаған фашистік тәртіп еді. Батыс мемлекеттері тарапынан ұйымдасқан қарсылықтың болмауы фашистік агрессияның күшеюіне жол ашты. 1937 жылы фашистік мемлекеттер – Германия мен Италияның милитаристік Жапониямен әскери-саяси одақ құруы екінші дүниежүзілік соғыстың басталуына алып келді.

Екінші дүниежүзілік соғыс 1939 жылы Германияның Польшаны жаулап алумен басталды.

Англия мен Франция Германияға соғыс жариялағанымен, батыс майданда белсенді іс-қимыл танытпады. Бұл жағдайды Германия өз мүддесіне пайдаланып, 1940 жылы Дания, Люксембург, Норвегия, Нидерланды

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

мемлекеттерін еш қарсылықсыз жаулап алды. Бельгияны жеңгеннен кейін, негізгі күштер талқандалды. Нәтижесінде Франция мен Германия бейбіт келісімге қол қойса, Англия АҚШ-тан көмек сұрауға мәжбүр болды. Сонымен Батыс Еуропадағы әскери іс-қимылды аяқтаған Германия Кеңес Одағын басып алуға дайындықты бастады.

КСРО-ға қарсы соғыс жоспары «Барбаросса» деген атпен белгілі.

1941 жылдың 22 маусымында фашистік Германия әскері Кеңес Одағына тұтқиылдан, соғыс жарияламастан басып кірді. Кеңес халқының Ұлы Отан соғысы, яғни Отанын шетел басқыншыларынан азат ету соғысы басталды. Осыған қарамастан шекарашылар, олардың қатарында Брест қорғаушылары алғашқы ұрыстың өзінде теңдесі жоқ ерлік көрсетті. Бұлардың арасында жаудың алғашқы соққысына Ғ.Мүсірепов, В.Лобанов, К.Абдрахманов, К.Иманқұлов, А.Наганов, Ғ.Жұматов, Ш.Шолтыров, Т.Деревянко, Қ.Батталов және қазақстандық жауынгерлер қарсылық көрсетіп, айрықша ерлігімен көзге түсті.

Екінші дүниежүзілік соғысына кейбір деректер бойынша 400мың, енді бір деректерде 1 млн 200 мың адам қатысты делінді.

600 мыңнан астам қазақстандық немесе соғысқа қатысқандардың әрбір төртіншісі бұл соғыстан оралмады. 503 қазақстандық жауынгер Кеңес Одағының Батыры атанса, оның 4-еуі: Т.Ж.Бигелдиев, Л.И.Беда, И.Ф.Павлов және С.Д.Луганский 2 мәрте Кеңес Одағының Батыры атағын алды. 110 қазақстандық Даңқ орденінің толық иегері болды. Бұдан бөлек, бүкіл соғысты басынан өткерген қазақстандық 12 дивизия құрметті атақтар алды. Олардың бесеуі – бір, төртеуі – екі, екеуі 3 орденмен марапатталды. Бес дивизия гвардиялық аталды, олардың ішінде Кеңес Одағының Батыры И.В.Панфилов атындағы атақты 8-гвардиялық дивизия бар. Рейхстаққа шешуші шабуылға шыққан және Жеңіс туын тіккендердің ішінде қазақстандық Р.Қошқарбаев, капитан Б.В.Чупрета, минометші А.Бахтыгереев, пулеметші П.Е.Вицько, байланысшы К.М.Волчаевтар болды.

Сол жылдары Қазақстан соғысының тылдағы арсеналы болды. Неміске атылған 10 оқтың тоғызы Қазақстанда жасалды. Сонымен қатар еске түсіріп кетсек, елінің азаттығы үшін күрескен аға-әпкелеріміз: Б.Момышұлы, Ә.Молдағұлова, М.Мәметова, М.Абдолов, Б.Бейсекбаев, Р.Қошқарбаев, А.Давлетов, Б.Дүйсенбаев және тағы да басқа батырларымыз.

Ұлы Отан соғысы аяқталып, 1945 жылы 9 мамыр Жеңіс күні болып есептелінді. Дәл осы күні жыл сайын әрбір елде аталып өтеді. Орталықтарда мәңгілік алау жанында бәрі жиналып, ән –кеш өткізеді.

Егерде біздің батыр ардагерлеріміз осы Ұлы Отан соғысында жеңісі болмаса, мүмкін әлем картасында Тәуелсіз Қазақстан елі де болмас па еді?! Сондықтан, елімізді сүйіп, қастерлеп, мақтан тұта білейік! Жерімізге деген сүйіспеншілігіміз молая түсіп, қасиетті де қастерлі, кең байтақ, әдемі жеріміздің барына, тәуелсіздігіміздің барына қуанып, бір-бірімізге жауласпай,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге ізетті болайық! Еліміздің татулығы, жеріміздің көркеюі тек біздің қолымызда. Жеріміздің одан сайын көркеюіне ат салысып, кішілерге мейіріммен қарап, Отанын сүюді үйретіп, алдағы келер ұрпаққа тек жақсы жағынан көрініп, үлгілі бола алатындай жақсы іс істеп, тек алда көрінейік! Бұл әрбір адамның парызы ғой! Әрбір іс істер алдында ойланайық!

Жұмагелдиева Толғанай

9 сынып, Н.Тілендиев атындағы Кіші өнер академиясы

Атырау қаласы

Жетекшісі: Темірғалиева Ақтоты Болатқызы

e-mail: aktika@mail.ru

Талай боздақтардың жанын алған, талай жанды әкеден, кейбіреуін асыл жарынан айырған зұлмат соғыс қаншама жүректерге жазылмас жара, өшпес дақ қалдырды. 1941 жылы болып өткен Ұлы Отан соғысының барша адамзат баласына тигізген зардабы мол. Қолына қаруын алып, жан аямай күрескен жандардың есімі қазіргі уақытта барлық қазақ азаматтарының жадында жатталып, санасында сайрап, қазақ тарихында есімдері аңызға айналып, алтын әріптермен жазылған. Ұлы Жеңіс! Қанды қақтығыстың қазақ тарихында қалыптасқан сонау 70 жылдың жүзі болған болмысы. Бұл күн барша халықтың есінде ескеріліп қалған ең жойқын соғыс. Осы тұста ақын Әбу Сәрсенбаевтың мына өлең шумақтары еске түседі:

Сен құрметте оны!
Түсіндін, бе, қарағым?
Ол ақшаға сатқан жоқ,
Тізеден кесіп аяғын.
Еріккеннен ұстап та жүрген жоқ,
Қолтықтағы ұзын таяғын.
Кеше елге қатер төнгенде
Ол жауға қарсы шапты,
Бізді жалмамақ болған ажалды
Өр кеудесімен қақты.
Ол арыстанша алысты,
Өлім соққысын өз үлесіне алды.
Денесін оқ пәршелесе де
Ел намысын қорғап қалды.
Сен құрметте оны!
Түсіндің бе, қарағым?
Сенің келешегің үшін берді ол

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Азаттық, жолында аяғын!

Расымен де зұлмат соғыстың зардабынан бірі қолынан, бірі аяғынан айырылған қаншама боздақтарымыз бар десеңізші! Тіпті кейбірі соғыстан оралмаған жандардың қаралы қағазын алғаннан соң өлі денесінде таппағандары қаншама. Осыншама қиындықпен, азаппен келген Жеңіске міне бүгін 70 жылдың жүзі болыпты. Талай бабалар аңсаған Ұлы Жеңістің желкені келешек ұрпақтың айнымас арманы, кемелді келешегінің кең керегесі іспеттес! Сұм соғыстың зардабы ұмытылмайтыны секілді, Ұлы Жеңістің жемісті жеңісі де сірә, естен кетпес! Рас, қазіргідей ашық аспанда бейбіт тіршілікте өмір сүріп, таза ауамен тыныстап жүргеніміздің өзі азаттықты аңсаған ата-бабаларымыздың қайтпас қайсарлығының, жасымас жігерінің арқасында қол жеткізген дүние! Елі үшін, жері үшін жанын пидә еткен өршіл бабаларымыздың еңбегі өлшеусіз, ал Жеңістің қадір қасиеті әрқашанда биік екендігін айтпаса да айқын нәрсе.

Иманғазиева Зухра

11 класс, Абай Құнанбаев орта мектебі Атырау қаласы
Жетекшісі: Бекбусинова Ж.

Жетпіс жыл желбіреп жеңіс жалауы

Жерге тер төгіп; халыққа қан төгіп
Қызмет етуден аянба.

Б. Момышұлы

Біздің ата-бабамыз түрлі қанқұйлы соғысты басынан өткерді. Олардың ең соңғысы – Ұлы Отан соғысы болды. Олардың соғысқа қатысқандағы мақсаты – ұрпақтарының, яғни, біздердің жақсы өмір сүруімізді, бейбітшілікте өмір сүруімізді қалады. Осылайша, аттың жалында, түйенің қомында жүріп, біздерге бейбіт өмірді орнатып берді.

Мен соғысты көргенім жоқ. Мен тәуелсіз Қазақстанда бейбіт өмірде дүниеге келдім. Соғысты тарихтан білемін. Біздер соғысты кинодан көріп, кітаптан оқып білеміз. Балалық шағы соғыс жылдарымен тұспа – тұс келген атамның соғыс жылдарындағы көздерімен көрген неше алуан оқиға көріністерін қинала әңгімелейтін еді. Міне, мұның бәрі менің көз алдымда бір заманда болған ертегідей.

Соғыс жаңғырығы жылдан - жылға алыстап барады...

Ұлы Жеңіс – біздің жеңіс! Бұл, ең алдымен, ақ ниетті адамзаттың жеңісі. Биыл – Ұлы Отан солғысының аяқталғанына 70 жыл. Соғыс өзінің сұмдықтарын бүгінгі күнге дейін ұмыттырар емес. Сол жылдар жаңғыры

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

адамзат жүрегін әлі сыздатуда. Бүгінгі өміріміз үшін құрбан болған соғысқа қатысқан аталарымыз ешқашан естен шықпайды, ұмытылмайды.

Соғыс – адам басына келген қайғы мұң. 1941 жылы 22 маусымда басталған. Ұлы Отан соғысы адамзат баласына үлкен қасірет әкелді. Соғыста миллиондаған адамдардың өмірі қиылды. Отанын жаудан қорғау үшін көп ұлтты Кеңес Одағы халықтарының ішінде қазақ халқы ерекше ерліктерімен жауға қарсы тұрды. Қаншама жастар қыршынынан қиылды. Олар Отан үшін жанын пидә етті. Ал олардың әрқайсысының анасы, баласы, сүйген қыздары, үлкен-үлкен армандары бар еді. Бірақ олар елге қауіп төнген кезде барлығын да құрбан етті. Жап-жас болса да, Отанын қорғап жатып жан тапсырды. Бұл – шынында да ерлік болатын.

Майдан шебінде жанын пидә еткен жауынгерлер мәңгі есімізде қалады. Отан үшін отқа түсіп, Жеңіс сыйлаған ардагерлерге тағзым етеміз. Сұрапыл да жойқын соғыста қыршынынан қиылған жауынгерлер есімі ел есінде мәңгі сақталады. Аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлы атамыз, батыр қыздар Мәншүк пен Әлия, Рейхстагқа жеңіс туын тіккен Рахымжан Қошқарбаев, ұшқыш қыз Хиуаз Доспанованың ерліктерін неге ұмытамыз?! Бұлар біздер үшін үлкен мақтаныш!

Кеңес халқы, Кеңес армиясы бүкіл әлемді фашизм күшінен қорғап қалды. Ұлы Жеңістің әлемдік маңызы – осында! Ұлы Отан соғысы батырларының жанқиярлық ерліктері адам айтқысыз ерліктер! Соғыс кезінде әскер қатарына алынған ер азаматтардың орнын әйелдер мен жасөспірім балалар, қарт кісілер алмастырып жанқиярлық пен еңбек етті. Олар материалдық игіліктер мен ырыс-қуатты арттырды.

Қаһарман батырлары арасында 500-ге жуық қазақстандық болды. Солдат пен офицер, оның ішінде 98 қазақ Совет Одағының Батыры деген жоғары атаққа ие болды. Солардың ішінде Дубосекова разъезі жанында ерлік көрсеткен панфиловшылар, Совет Одағының Батыры атанған екі рет алған ұшқыштар Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Беда, қазақ халқының даңқты қыздары Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлова, капитан Гастеллоның ерлігін қайталаған ұшқыштар Нұркен Әбдіров пен Михаил Янко, Александр Матросов, Акеділ Суқанбаев, Сұлтан Баймағанбетов, Иван Бабин тағы басқалары бар. Олардың бәрі де Отанын шексіз сүйіп, көпшілігі Отан үшін өмірін құрбан етті. Сондай-ақ И.Панфилов, В.Ключков сияқты қазақстандық орыс халқының ұлдары Кеңес Одағының батырлары болғанын білеміз. Қазақ халқын әлемге танытқан ғарышкерлер Тоқтар Әубәкіров пен Талғат Мұсабаев та батыр.

Кеңес Одағының батыры, Қазақстан республикасының қорғаныс министрі Сағадат Нұрмағамбетов Берлин үшін ұрыстарға өз жауынгерлерін бастап кірді. Берлинге шабуыл жасауға И.Я.Сянов, Х.Қайдаусов, З.Тұрарбеков, Х. Көбеков, Б.Иманғазиев, Т.Бигелдинов, А.Еремеев, Н.Шелихов және тағы басқа көптеген адамдар қатысты. Жас офицер

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Р.Қанқарбаев өзінің досы Г.Булатов пен бірге рейстаг терезелерінің біріне алғашқыларының бірі болып алқызыл Жеңіс туын желбіретті, ал Орал өңірінің жас офицерлері Қ.Меденов пен Р.Қараманов Берлин ратушасының төбесіне тікті.

Менің атам да Ұлы Отан соғысына қатысқан. Мен ес білгелі атамның үйінде дастарқан жайылып, соғысқа қатысқан ауыл ардагерлері бас қосып атамды еске алушы едік. Соғыс туралы әңгіме айтып, жастар соғыс туралы патриоттық әндер айтатын. Өкінішке орай, атам қазір жоқ. Атам Иманғазиев Биғали 1926 жылы 15 қаңтарда Атырау қаласында Құрсай ауылында дүниеге келген. 1943 жылы әскерге кетіп, әскери борышын өтеп болғаннан кейін, Ұлы Отан соғысына өз еркімен кетті. Атам соғысқа 1944 – 1945 жылдар аралығында қатысты. Соғыста атқыштар дивизиясында қызмет атқарған. 1945 жылы Берлинді алуға үлес қосты. Атам қандай жұмыс болмасын бас тартпаған. «Ата көрген – оқ жонар» демекші, атамның әрбір ісі келер ұрпаққа өнеге сияқты көрінеді. Көптеген медальдармен марапатталған. Атам соғыс және еңбек ардагері. Атамды әлі ауылдастары мақтан тұтып әңгімелейді. Атам марқұмның аса еңбекқор жан болғандығын, қашан көрсең қора-жайды жайлап, бау-бақшаны баптап жүредіндігін, ешкімнің ала жібін аттамайтын, мінезді кісі едіндігін айтып еске алады. Міне, ата – бабаларымыз сыйға тартқан бақытты өмірімізді қорғау – әрбір саналы азаматтың, біздердің борышымыз. Қан мен тер, қиылған өмір арқылы келген бостандық – тарихи шындық. Бүгінгі өміріміз үшін құрбан болған ерлеріміз ешқашан да, ешуақытта естен шықпайды, ұмытылмайды. Біздер соғыстың, оның сұмдықтарының, сол кезде біздің өміріміз үшін жанын қиған ардагерлерімізді ұмытуға қақымыз жоқ. Барлығын есте сақтауға міндеттіміз. Аспанымызды бұлт торламасын, ұйқымыз бұзылмасын, ата – анамыз әрқашан қасымызда болсын! - деп тілеймін.

Ұлы Отан соғысы кезінде Гурьев облысынан әр жылдары 42 мыңның үстінде ер азамат әскерге алынған. Соның үштен бірі елге оралмай, ұрыс даласында жан тапсырды. Атырау өңірін соғыс жағдайында деп жариялауға тағы бір себеп болған Солтүстік Кавказ жау қолында қалып, одан алып тұрған жанармай тыйылып, ұшақ, танктеріміз жанармайсыз қалу қаупіне тап келеді. Сондықтан, мемлекет жанармайды Бакуден Гурьевке баржымен тасуға мәжбүр болды. Екіншіден, Сталинград майданының дүрсілі Атырауға естіліп жатты. Егер Қорғаныс комитеті 1942 жылы 1 қыркүйекте құрылған болса, он күннен кейін 10 қыркүйекте неміс «юнкерстері» қаланы бомбалай бастады. Тек біздің истребительдердің, оның ұшқыштарының қырағылық қимылдары қаланы талқандаудан аман алып қалды. Сондықтан да, Атырау өңірін соғыс жағдайында деп жариялау өзін толықтай ақтап шықты.

Ұлы Отан соғысының қиыншылықтарынан өзге, Атырау өлкесіне қосымша адам төзгісіз ауыртпалық болған «Жол» деп аталатын құрылыс еді. Оған себеп – Сталинград майданындағы ұрыс жағдайының қиындауына

байланысты Гурьев облысының ресми төтенше жағдайда болуы. Неміс ұшқыштары қалаға бомба да тастады.

Халқымызда «Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан болады» деген мақал бар. Жастар өз Отанының нағыз патриоты бола алу үшін үлкендер де өз соңынан ерген ұрпақты дұрыс тәрбиелеуі керек. «Отаным маған не бересің деп емес, Отаным, мен саған не бере аламын?» деп өсу керек. Сонда елімізде әрқашан да бейбітшілік болады. Себебі, ертеңгі елдің тізгінін ұстар азаматтар білімді болса, олар барлық қиыншылықтарды ақылмен шеше алатын болады.

Міне, осылай Кеңес халқы мен оның Қарулы күштері бұдан 70 жылдан астам бұрын адам баласының қас жауы фашизмді осылай талқандады. КСРО-ның Ұлы Отан соғысында өз елінің бостандығы мен тәуелсіздігін қорғап қалды, Европа халықтарын фашизмнің қанды шеңгелінен құтқарып, жеңімпаз халық атанды. Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағы тұсындағы талай ақын-жыршылар шығармашылығына арқау болды. Мұның ішінде ел мен жерде жүріп, жеңіске тілектес болған қаламгерлер да, аласапыран майданда қан кешіп жүріп Отанын, халқын жырлаған ақындар айтарлықтай болды. Сырбай Мәуленовтің «Соғыстан қайтқан солдаттар» атты өлең жолдарында:

Жаутаңдап қарап дала тұр,	Қанша үйдің ұрлап адамын,
Көз жасын сүртіп жаңа бір.	Қанша үйде сөніп қалды оттар.
Хабарсыз ұлын сұрауға,	Көрдің бе ұлын ананың,
Жолыңды тосып ана жүр.	Соғыстан қайтқан солдаттар?

Өткен азапты жолдың ауыр сабақтарын халық ешқашан да ұмытпайды. Оның ауыр сабақтары біздің санамызға ұялап, қазіргі ұрпақтарды ерлікке, қырағылыққа баулып, жарқын болашағымызды қорғауға әрдайым дайын тұруға шақырады.

Қамалова Нұрай

10 сынып, №35 мектеп-гимназиясы, Атырау қаласы
Жетекшісі: Есенаманова Б. М.

Біз – Жеңіс мұрагерлеріміз

Соғыс... қанша жылдар өтсе де, бұл сөз біздерге сұмдық түс, тажал, құбыжықтай көрінеді. Әрине, бұл түс емес! Сол кезеңді өз көзімен көрген, соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқасып, ерліктің сом үлгісін көрсеткен ардагерлеріміз бен батырларымыз қаншама десеңізші!

Қазіргі таңда жастарымыз Отан қорғау жолында өз өмірлерін қиып, бастарын қатерге тіккен аға ұрпақтың алдында өмірлерінің борышты екенін түсіне ме екен?

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Иә, біздің түсінігімізше, өмір өтпелі бір құбылыс іспеттес... Ал, біз қазіргі заман жастары, Отанды қорғаған ұрпақтардың қаншалықты мән-мағыналы іс атқарғандығын әрине түсінеміз.

Сол сұрапыл кезеңнің ұлы адамдары – біздің ата-бабаларымыз, әжелеріміз. Олар ешкім көрмеген, білмеген сұмдықты басынан өткергені ешбір қиялшылдың ойына келмес. Олар өліммен бетпе – бет жүздесті. Тек тән азабын емес, жан азабын да көрді десек, артық болмас. Ерліктің болмыс сипатын әйелдермен қатар балалар мен қарттар да айқын көрсете білді. Біздің отандастарымыз өз жерін тек әке-шешелеріміздің өмірі үшін емес, ең бастысы, біздер, өскелең ұрпақтың болашағы үшін қорғап, бастарын өлімге тікті.

Мен өзімнің лүпілдеген жас жүрегіммен сол сұрапыл кезеңдегі ерліктің мәңгілік ұмытылмайтындығын мойындаймын және ата-бабаларымыз кешкен бейнет-қасіреттің қайталанбауын қалаймын. Қиян – кескі ұрыста ел үмітін арқалаған қаншама батырларымыз жанын қиды десеңізші!

Кейбір жас жеткіншектеріміздің өзі неміс басқыншыларының Отан қорғаған батырларға көрсеткен азап – қиянаттарын біле бермейді. Адами іске жатпайтын сорақы істер – адамды тірілей өртеу, тұтқындарды тәжірибелік хайуанат ретінде пайдалану, адамдардың терісінен киімдер, төсек – жабдықтарын дайындау: фашизм дегеніміз – қатыгездік, аяусыз іс-әрекеттер.

Әрине, өз көзімен көрмегендер оның мұншалықты қатыгез іс екенін түсіне білмейді. Сондықтан ол кезеңді ұмытпаумен қатар, мерт болған батырларымызды мәңгі есте сақтау абзал.

Соғыс аяқталғалы 70 жыл уақыт өтсе де, біздер отандастарымыздың ерлік жолындағы істерін әрқашан жадымызда ұстауымыз қажет. Өміріміз үшін, болашағымыз үшін жанын пид аеткен ата-бабаларымызды ешқашан ұмытпауға тиіспіз. Олардың есімі, ерлік істері әрқашан біздің есімізде. Біз ата-бабаларымыздың жасампаз ерлігін болашақ ұрпаққа жеткізуіміз керек. Олардың Отан алдындағы ерлігі – ұлы Ерлік. Біздің болашақ ұл-қыздарымыз ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, құрметтеуі тиіс. Бұл жеңіс біздің елімізге болашақты, жаңашыл идеялар мен мәдениеттілікті, тәуелсіздікті алып келді, өзімізге деген сенімділікті оята білді.

Сол Ұлы жеңістің арқасында өз Отанымызды ең күшті де мықты Қазақ елі деп мақтанышпен айта аламын. Менің болашақ ұл-қыздарым да осыған нық сеніммен қарағанын қалаймын. Менің құрбыларымның да өз ұрпақтарына осы тарихты айтып жеткізетініне еш шүбәм жоқ.

Осы ойымды құптарлық жандардың баршылық екеніне сенімім мол. Әрине, әлем тарихының осы бір кезеңін есте сақтауды бәріміз өз парызымыз деп білеміз.

Біздер өз тұрғылықты жеріміздің халқын сол батырларымыз дәріптеп, сүйген, көздің қарашығындай сақтаған, осынау алаңсыз, тыныш, бейбіт өмірді әкелген ата-бабаларымыздың рухын қастерлеп, жадымызда ерліктерінің жаңғырығын сақтап өтуіміз абзал.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Мен өз Отаныма, еліме, жеріме кәміл сенемін. Сенім артуға сіздерді де шақырамын. Сол ұлы ардагерлеріміздің тектен – тек жеңіске жетпегенін көрсете білейікші. Оларды әрдайым құрмет тұтып, есімізде мәңгі ұстайықшы, өскелең ұрпақ!

Алғысты мен соғыста қаза болғандарға, елді, жерді қорғағандарға айтамын. Олар тарихи із қалдырып, Отанымызды тәуелсіз болуға бар күш – жігерін салды. Қазіргі кезде әрбір бала алаңсыз өмір сүруде. Бірақ өскелең жас ұрпақ басып жүрген жер үшін, алаңсыз таң үшін мыңдаған қазақтың жан бергенін көкейлерінде сақтау керек.

Түсінеміз, талайды көрдіңіздер,
Отан үшін бәріне көндіңіздер.
Елің, жерің, ұрпағың, арың үшін,
Күресумен бұл күнге жеттіңіздер,
Біз көрмеген азапты көрдіңіздер,
Бір өмірде бірнеше өлдіңіздер.
Өзің көрер қызықты бізге сыйлап,
Ұрпағыңа бәрін де бердіңіздер.
Алғыс айтам ардагер ағаларға,
Егемендік, сендердің арқаларың
Құтты болсын, мерекең – Жеңіс күні,
Қабыл болсын, ақ тілек, баталарың!

Қамысбаева Жансая

10 сынып, №16 орта мектебі, Жылыой ауданы
Жетекшісі: Умиркалова А.

Ұлы жеңіс жасасын!

Төнге түскен жара жазылар,
Жүрекке түскен жара жазылар ма?
Бауыржан Момышұлы

Соғыс! Осы бір қаралы сөздің астынд ұлан-ғайыр қасыретті мұң-қайғының азалы дауысы естілетін тәрізді. Адамзат баласы көз ашқалы өзара жауласудан талай рет бейбіт өмірдің шырқы бұзылғандығы айқын. Соның бірі Ұлы Отан соғысы. Ұлы Герман империясы, кеңес елін отарға айналдырып, халықтарын құлдыққа түсіру және азық-түлік базасын жасау туралы шешім қабылдады. Сөйтіп, талай жанды қан қақсатқан, талай жанның жүрегін ауыртып, ананы баласыз, баланы анасыз тентіретіп, жетім-жесір қылды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Мәскеу іргесіндегі даңқы мәңгі өшпес ерлік шайқастар Ұлы Отан соғысының тамырын тереңнен жайған тарихына оның бір алтын парағы болып енді. Мәскеу шайқасы тарихында шексіз ерлікпен қаһарман батырлық көрсетіп, ел намысын қорғауда даңқымен ерекше көзге түсіп, ерліктің ерен үлгісін көрсеткен батырымыздың бірі Бауыржан Момышұлы болатын. Қанды қармағымен Отанымыздың топырағына сұғына енген жауды, қаймықпай қарсы тұрып тойтарыс берген Бауыржан атамның ерлік істері көз алдыма былайша елестейді.

Кірпіктері кіртііп төмен қарап, түнімен ұйқы көрмеген мұң тартқан көздері, елін сағынғанын айтып тұрғандай әсер қалдырады. Бірақ, қилы шайқастың от жалыны, талай жанды қайғыға салып, ұйқысыз өткен түндермен, күлкісіз өткен күндерді, баласын қимай соғыстың қайнаған қақ ортасына жіберген ананың зарын мұң-қасыретін еске алған кезде, бар қорқынышты артта қалдырып, тек қана бойға сансыз жеңістердің, бейбіт өмірдің лебі сезілгендей болып рухтанады.

Қас қарайған кез. Аспаннан жауған зеңбірек оқтары екі оттың ортасында қалған Бауыржанды есеңгіретіп тастады. Ол жаңа ғана жансерігі жолдасы оққа ұшып жүрегі қанжылап тұрса да, ішкі жан тербелісін сыртқа шығармай, сарбаздарының жігерін жасытпай керісінше, рухтандырып тұрды. Барлық сарбаздар соңғы күштерін жинап шабулға лап қойды. Қасық қандары қалғанша шайқасып, бұл ұрыста жеңіске жетті.

Адал ниетті адам баласы осы жеңіс үшін өмірін құрбан еткендерді ешқашанда ұмытпайды. Осы бір сітте менің есіме өзімнің өлеңімнің кейбір шумақтары оралып отыр:

Ер есімі ел есінде қашанда,
Ұмытпайды оларды еш қашанда.
Қан майданда жанұшыра айқасқан,
Ерліктері елге мәлім талайға.
Ұлан-ғайыр дархан далам жерінен,
Көк тәңірдей, биік құздың төрінен
Талай батыр, талай ақын ұл-қыздар,
Тек шығады Қазақстан елінен!

Иә, осы кезге дейінгі еліміздің жетістігі, мақтанышы, тарих сахнасынан ойып тұрып «қазақ» деген атауды алтын әріппен жаздырған және өшпестей болып тарихымызда болу, бұл біріншіден ержүрек, батыр халқымыздың

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

арқасында. Ұлы Отан соғысы жылдары халықтың бірауыздан жұмылып әрекет етуінің нәтижесінде бүгінгідей тәуелсіз елдің ашық аспанының астында, болашаққа деген нық сеніммен өмір сүріп жатырмыз. Сол кездегі халықтың тартқан қайғы-қасыреті, қаншама адамдардың жетім-жесір қалуы, біреуі баласынан, біреу әкесінен, біреу анасынан айырылған қаһарлы күндер халық жадында мәгі сақталады! Сол себепті, жеңісіміз мәңгілік, бейбітшілігіміз баянды болсын!

Медеубаева Орынгүл

9 сынып, №15 орта мектебі, Құлсары қаласы
Атырау облысы

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды!

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс - күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал.

Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ. Адам баласы үшін соғыстан асқан кесапат жоқ. Соғыс! Жалғыз ауыз сөз. Бірақ қандай қорқынышты?! Соғыс дегеніміз – қайғы – қасірет, қантөгіс, өлім-жетім. Соғыс дегеніміз – күн сайын туған-туыстан, жақын-жорадан, қарулас досыңнан айырылу.

Отан үшін кеудесін оқ пен отқа тосқан ерлеріміздің өшпес патриоттық рухы қатыгез жаудың зұлымдығынан басым түсіп, ақыры неміс-фашист басқыншыларын өз ұясында талқандап тынды. Міне, содан бермен қарай 69 жыл уақыт өте шықты. Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ештеңе ұмытылған жоқ. Ұлы Жеңіс күні салтанат құрған уақыт бізден алыстаған сайын оның қадірі артып, асқақтап барады. Өйткені ол – қазақтың, соның ішінде жылыойлықтардың да көзсіз ерлігімен, маңдай терімен келген жеңіс.

Соғыс жаңғырығы жылдан-жылға алыстап барады... Ол туралы үлкендерден, көнекөз қариялардан естіп жүреміз. Кинолардан, деректі фильмдерден көреміз. Әйтсе де өткенге көз жүгіртпей, болаш

соғыс кезінде әрбір бесінші қазақстандық майданға аттанып, Отан анасын қорғауға атсалысты. Қаншама Қазақстандықтар ұрыс даласында мерт болды. Жеңіс бізге миллиондаған адамдардың төгілген қанымен келді. Соғыс салған қасірет әрбір жанұяның тарихында із қалдырып кетті. Ұлы Отан соғысы тарихы туралы қаншама шығарма жазылып, қаншама кино түсіріліп жатса да оның тарихына еш уақытта нүкте қою мүмкін емес.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Жеңіске жету жолында қазақстандықтардың асқан ерлігі мен әскери жанқиярлығы Отан соғысы тарихындағы жарқын беттерге айналды. Сондықтан бұл күннің маңызы өте жоғары. Жеңіс үшін шыбын жандарын құрбан еткен бірнеше миллиондаған адамдардың есімдерін есте сақтап, 1418 азапты күн мен түнді болашақ үшін ерен еңбекпен, қайсар ерлікпен өткізгендерін ұмытуға болмайды. Төрт жыл бойғы қанды қырғыннан кейін, қырық бестің көктемінде дүние жүзі халқы бостандық алды. Халық Отан ұғымын терең сезіне түсті. Ерлік пен еңбек жеңіп шықты. «Ешкім де ұмытылмайды, ештеңе де ұмыт қалған жоқ». Осынау сөздер Жеңіс күнін мерекелеу кезінде жиі айтылады. Осынау сөздер соғыстан қаза тапқандар ескерткішіне де қашалып жазылған.

Бұл мереке болмысы басқа мерекелерден тым бөлек, тым биік. Сұрапыл соғыс талай тағдырға балта шапты, жеңіс үшін талай жандар өмірін қиып, қыршын кетті. Майдангерлердің иығына аса ауыр жүк түсіп, Отаны, елі үшін, от болып жанды, оқ болып атылды. Қаншама боздақтар ұрыс даласынан қайтпай қалды. Арын – байрақ, намысын найза еткен ерлердің қаһармандығы аңызға айналды.

Әрқайсысымыз үшін Жеңіс күні ерекше күн. Бұл мереке талайлардың қанымен, талайлардың көз жасымен келген. Әрине, біз ол қиындықтарды көзбен көрген жоқпыз. Қилы жылдар туралы тек ардагер апа-аталарымыздың естеліктері мен нақыл-әңгімелерінен ғана білеміз. Қарап отырсақ, ардагерлеріміздің саны жылдан-жылға сиреп бара жатыр. Тіпті, жартысы да қалмаған. Сондықтан да ардагерлерімізді ардақ тұтып, құрмет көрсетуіміз керек. Осы қасиетті күні адалдық пен еліне деген жанқиярлықтың үлгісін көрсеткен қаһармандардың рухы алдында бас иіп, тағзым етеміз. Қариялар азайып бара жатқанын, әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады. Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағып, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ащы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Бұл жеңісті біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайды! Ол – өмір заңы.

Уақыт өз дегенін жасайды. Жыл өткен сайын бізге Ұлы Жеңісті сыйлаған ардагерлеріміз бен тыл жұмыстарында аянбай тер төккен жандардың қатары сиреп барады. Отан үшін от кешкен қадірлі қарияларымыздың қатары уақыт озған сайын азайып бара жатқаны өкінішті. Біз жауынгер ардагерлеріміздің құрметіне Жеңістің 70 жылдығын оларға лайық деңгейде атап өтуіміз керек. Өйткені бұл- ерлік пен елдіктің, батырлық пен өжеттіктің мейрамы.

Неменеңе жетістің бала батыр,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Қариялар азайып бара жатыр.
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр,

- деп Мұқағали мұңында жұмырбасты пенде үшін теңдесіз құндылық ұрпақ аралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр. Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш – әрине «бірлік». Қаншама халық бір тудың астына бірігіп күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы.

9 мамыр! Бұл – адамзат тарихындағы ең ауыр қантөгіс соғыс аяқталған ақжолтай күн... Бұл күн-сол бір қанды қырғыннан қайтпай қалған қыршын боздақтардың асқақ рухтарының аспандайтын күні. Бұл күн-әділеттің әділетсіздікті жеңген күні. Бұл күн-бүгінгі ұрпақтың сіздер сыйлаған бейбіт даму жолын одан әрі жалғастырып жатқан күні.

Бұл күн - қан майданда парыз бен намысты алға қойған, елі мен жерінің бостандығы үшін жан аямай, қараниет жауға төтеп берген, табанды да қайсар мінезді жауынгерлеріміздің және тылда тынымсыз еңбек еткен ағаларымыз бен апаларымыздың ерен ерлігінің, биік рухының мерекесі. Осынау қуаныш үшін өмірлерін қиған боздақтарды еске алу күні... Үйіне, отбасына, ата-анасына оралмаған аталарымыз бен ағаларымызды, әпкелерімізді сарыла күткен сағыныш күні...

Міне, ата-бабаларымыз сыйға тартқан бақытты өмірімізді қорғау – әрбір саналы азаматтың, біздердің борышымыз. Қан мен тер, қиылған өмір арқылы келген бостандық – тарихи шындық. Бүгінгі өміріміз үшін құрбан болған ерлеріміз ешқашан да, ешуақытта естен шықпайды, ұмытылмайды. Біздер соғыстың, оның сұмдықтарының, сол кезде біздің өміріміз үшін жанын қиған ардагерлерімізді ұмытуға қақымыз жоқ. Барлығын есте сақтауға міндеттіміз. Аспанымызды бұлт торламасын, ұйқымыз бұзылмасын, ата-анамыз әрқашан қасымызда болсын! - деп тілеймін.

Мұқашева Гүлбану

10 сынып, № 7 орта мектебі, Құлсары қаласы Атырау облысы

Жетекшісі: Жұмағалиева К.

Жеңіс – ерлік жемісі

Ұшқыр ойды от қайраққа жаныған,
Туған елді өз үйім деп таныған.
Жалындаған жастар керек еліме

Батыр баба қасиеті дарыған.
Айбатыр Сейтак

Соғыс – күйретуші күш. Барды жоқ ететін, тауды жер ететін, Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Соғыс! Құлаққа түрпідей тиетін суық сөз. Естігенде жаның түршігіп, өн бойыңды шымырлатып жібереді. Сол соғыс қаншама елдің игі жақсыларын, қайсар батырларын алып кетті. Біз олардың ерліктерін ұмытпаймыз. Біздерге осындай бейбіт өмір мен тәуелсіз, еркіл ел сыйлағанына мың тағзым!

Иә, содан бері жетпіс жыл өтсе де, ешнәрсе ұмытылған жоқ. Сол 1941-1945 жылдары – Ұлы Отан соғысы Кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихамызда мәңгі бақи қалатын жылдар.

Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан бүкіл кеңес одағы сияқты алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір – түкпірінде әскери комиссариаттарға еріктілер ағылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа сұранды. 1939 жылғы дерек бойынша, біздің республикамызда 6,2 млн адам тұрып жатқан. Соғыс жылдары Кеңес Армиясының 1 миллион 200 мың қазақстандық шақырылған, 20-дан астам атқыштар дивизиясы менбасқа да құрылымдар жасақталған.

Қазақстан флот пен армия үшін офицерлік кадрлар және резервтік күштер дайындауға да лайықты үлес қосты. 1941-1945 жылдары әскери оқу орындарында 42 мыңнан астам жас қазақстандық жолданды, ал, Қазақстанның аумағында сол жылдары жұмыс істеген 27 әскери оқу орны толық емес мәлімет бойынша 16 мыңдай офицер дайындап шығарған. Біздің жерлестеріміз майдан даласында ерлікпен шайқасқан. Жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль-ордендермен марапатталса, 500-дей адам Кеңес одағының батыры, 100-ден астамы Даңқ орденінің толық иегері атанды. Олардың ішінде Бауыржан Момышұлы, рейхстагқа ту тіккен Рақымжан Қошқарбаевты, өзіміздің жерлесіміз Р.Қарамановты, ұшқыш Талғат Бигелдиновты, жерлестеріміз мерген Есқайыр Халықовты, полковник Т.Бисенғалиевті, Берлинге алғаш кірген танкіші С.Дүйсенбекті, Нұркен Әбдіровты, аты аңызға айналған партизан Қасым Қайсеновты, шығыстың қос шынары Әлия мен Мәншүкті, жерлесіміз, ұшқыш қыз Хиуаз Доспанованы және олардың қайталанбас ерліктерін зор мақтанышпен айтамыз. Олар бізге жеңіс сыйлады. Жеңіс жолында өздерін құрбандыққа шалды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

...1941 жыл 22 маусымда сенбіден жексенбіге қараған түні гитлерлік Германия шабуыл жасаспау туралы келісімшартты өрескел бұзып, соғыс жарияламастан, тұтқиылдан Кеңес Одағына басып кірді. Кеңес халқының гитлерлік басқыншыларға қарсы Ұлы Отан соғысы басталды. Неміс-фашист басқыншыларының шабуылы Кеңес адамдарының ызасын туғызды. Бүкіл елде жаппай митингілер мен жиналыстар өткізіліп, мұнда Кеңес адамдары социалистік Отанның бостандығы үшін қасық қаны қалғанша жаумен шайқасуға даяр екендігін білдіріп жатты.

Германияның КСРО-ға шабуылы бастала салысыменоның басшылары В.В.Молотов және И.В.Сталин өздерінің сөйлеген сөздерінде бұл соғысты «Отан соғысы», кейіннен «Ұлы Отан соғысы» деп атады. Жауға тойтарыс беру үшін 22 маусымда әскери міндеттілерді әскерге шақыру туралы Жарлық жарияланды. Ал, елдің еуропалық бөліктерінде соғыс жағдайы енгізілді.

Ел басына кун туғанда қазақ халқы да «Отан үшін», «ел үшін» деп ұрандатып соғысқа аттанды. Қазақ – басына күн туғанда толарсақтан саз, етігімен су кешетін халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтың ержүрек ұл-қыздарының қанды қырғынға қаймықпай, өршелене алға ұмтылып соғысқанына анық көзіміз жетеді. Оған дәлел: жоғарыда аталған ұл-қыздарымыздың ерен ерлігі.

Соғыстың аты –соғыс. Халықтың жәй-күйі нашарлады.

Ол жерде Сырымбеттей тау барма екен...

Жайдақтың шөбі шүйгін қаулар ма екен?!

Мінеки, көп ай болды, хабары жоқ

Әкем кеп көңілімізді аулар ма екен?!

Әкеміз бір әкеден жалғыз еді,

Судағы жаңа біткен жалбыз еді.

Мінеки көп ай болды хабары жоқ

Біз- дағы әкемізге зармыз енді,

- деген жолдарында ақиық ақын М.Мақатаевтың бала жүрегінен шыққан үлкен сағынышын сезгендейсің.

Иә, бұл тек қана бір бала Мұқағали емес, сол соғыс кезінде балалық балдәуреннің не екенін білмей өскен кез келген қазақтың қарадомалақ баласының көкейіндегі алыстағы қимас жандарына деген сағынышы, шері еді. Бұл зұлмат соғыс олардың бала кезін, алаңсыз бақытты балалық шағын, әкесін, атасын ұрлады. Олар ерте ер жетті. Олар ойын дегенді ұмытып, таңертеңнен

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

кешке дейін еңбек етті, жер жыртты, мал бақты, өзінен кейінгі бөпелеріне қамқор болып, аналарына қолғанат болды. Ал, соғыс жылдарындағы аналарымыздың ерен еңбегі, мұз кешіп жүріп, қызылша терген еңбегі, балаларына нан тауып беріп, колхоз жұмысынан қалмай, мойымай еткен еңбегі орасан зор. Елдегі есендік пен тіршілік біздің қажымас аналарымыздың қолында болған еді. Жазушы Қарауылбек Қазиевтің «Менің шешем» әңгімесінде соғыс кезіндегі аналарымыздың бейнесі шынайы да, шебер берілген.

Соғыс жұлып кетті үйінің тірегін,
Соғыс жұлды қуанышын, реңін.
Тұрды ана жолдасынан айырылып,
Тұрды құшып тек қана оның күрегін...

Деп ақын Аманжол Шамкенов тебірене жырлаған өлеңінен де соғыстың зардабының қаншама ауыр екендігін байқағандаймыз.

Бұл қырғын төрт жылға созылды. Майдан даласында 600 мыңнан астам қазақстандық қаза тапты. Соғыста қаза тапқандар туралы мәлемет бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Жекелеген мәліметтер бойынша адамзат тарихындағы бұл аты шулы соғыс 20 миллионнан астам Кеңес азаматтарының өмірін қиды.

Иә, біздер соғысты көрген жоқпыз. Тек осындай шығармалар мен теледидардағы деректі, көркем фильмдер арқылы ғана Ұлы Жеңістің қаншалықты қиыншылықпен келгенін білгендейміз.

Жеңіс оңайлықпен келмеді. Сондықтан да аналарымыздың көз жасымен, ата-бабаларымыздың қанымен келген жеңісімізді, қазіргі бақытты тыныш өмірімізді қорғау- әрбір саналы адамның қасиеті борышы.

Иә, бұл Жеңіс оңайлықпен келмеді. Көп шаңырақ ортасына тұсып, қаңырап қалды. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» дегендей бұл зұлматтан аман оралған жерлестеріміз де бар. Бірақ олардың саны (қанша дегенмен, арада 70 жыл өтті ғой) сиреп келеді. Сол-барымызды, Сол-ардақтыларымызды, Сол- Ұлы Отан соғысының Ардагерлерін қадірлеу құрметтеу, басымызға көтеру біздер үшін үлкен міндет.

Біз Отан қорғау үшін күрестік, әділет үшін күрестік.

Біз жеңдік. Енді аспанымызды бұлт торламасын, сәбиіміздің ұйқысы бұзылмасын, ата-анамыз әрқашан қасымызда болсын, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын, Жеңісіміз баянды болсын!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Нәсіпқалиев Аманат

9 сынып, Жамбыл атындағы орта мектебі
Есбол селосы, Индер ауданы Атырау облысы
Жетекшісі: Сейтқазиева Ғ.С.

Бірақ рухы сөнбейді.
Сен қас батыр өлген жоқсың тірісің
Қатардасың ерен ұлдың бірісің,
Отан үшін отқа түскен бас тігіп,
Ер жүрегі өзгелерден ірі шың.
Ғ. Ғабдуллин

Мен, Нәсіпқалиев Аманат соғыста қаза болған жауынгер атам Өмірбаев Темірғалидың ұрпағымын (шөбересі). Атам Өмірбаев Темірғали 1914 жылы Орал губерниясының Есбол болысы №1 ауылда дүниеге келген. Анасы өмірден ерте өтіп, 5 жасында әкесінің тәрбиесінде қалды. 1931-1934 жылдары осы ауылдың және Қазбек ауыл кеңестерінде хатшылық қызметтерін атқарды. Одан кейінгі жылдары Есбол аудандық комсомол комитетінің іс басқарушысы болып тындырымды еңбек етті. Ал 1936 жылдың 13 қыркүйегінен бастап Есбол аудандық сотының хатшысы, сот орындаушысы, ауданның №2 учаскелік халық судьясы қызметтерін атқарды.

1938 жылы Алматыдан сот қорғаушысы және прокуратура мектебінің қысқа курсы аяқтап келеді.

Ал, Ұлы Отан соғысы басталғанға дейін сақтық кассасының уақытша бастығы болып еңбек етті. 1942 жылдың 8-ші қаңтарында әскерге алынып, Отан қорғауға аттанады.

Атам Темірғали Украинаның Курская Дуга деген жерінде шайқасқа қатысты. Соғыстың нағыз ауыр, қиын кезеңі, бұл ұрыста адам аман қалу мүмкін емес. Үйге жазған соңғы хатында: «Ертең үлкен, ауыр ұрыс болады, бірақ біз жаумен ерлікпен шайқасып, жанымызды Отан үшін, халқымыз үшін, балаларымыз үшін бәріміз жанымызды береміз, елді қорғап қаламыз деп ант еттік».

Атамыз жауға қарсы шайқаста да жаужүректілігімен қатар, біліктілігімен көзге түсті. Взвод командирі, 120 миномент полкінің командирі және партия ұйымының хатшысы болды. Жолдастарының арасында сыйлы

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

болды, жұмысына өте адал, жауапкершілікпен қарап, қарауындағы жауынгерлерді ерлікке, ұстамдылыққа, қайсарлыққа үйретті, тәрбиеледі.

1943 жылдың 2-қазанында «Курская Дугадағы» майдан даласында қаза тапты.

Ел ниетіне шапқан жауға қарсы өзімен бірге ағасы, інісі және екі қайнағасы да аттанған болатын. Алайда, барлығы соғыстан оралмады. Бірақ олардың ерлігі мәңгі өлмейді, біздің жүрегімізде сақталады. Мен осындай жаужүрек батыр атамды мақтан етемін. Соғыс біткелі көп жылдар өткесін, Украина елінен хат келді, жолдасы Тажиева Баққияға :

«Уважаемая Тажиева Б. Сообщаем Вам, что на территории мемориального комплекса «Героям Лютешского плацдарма в селе» Новые Петровцы Вышегородского района Киевской области похоронен ваш муж Умирбаев Темирғали».

Бұл хатты алғасын 2000 жылы жеңістің 55 жылдығына қарсы, баласы Умирбаев Нәсіпқали інісі Умирбаев Жолдасқалимен ескерткіштің ашылуына барып қайтты. Украина халқы Қазақстаннан келген қонақтарды жылы шыраймен қарсы алып қабылдады. Атамның «Курская Дугадағы» шайқасын картада, үлкен тақтадағы сурет, Соғыстың жүріп жатқанын көрсеткен, өте қорқынышты, алапат соғыс адам тірі қалуы мүмкін емес. Музей директоры музейге апарып атамдардың блендажын, шинелдерін, тамақ ішкен ыдыстарын көрсеткен. Музей директоры: «Біздің жерімізді азат еткен көптеген Қазақстан жауынгерлері болды. Олардың қайсарлығын, ерлігін біз мақтан етеміз және құрметтейміз»- деді. Барған қонақтар 3 күн болған, халқымен кездесу ұйымдастырған, үлкен митингі болған, онда барған қонақтар сөйлеп рахметін айтқан.

Мектепте болған мектеп директоры оқушылармен кездесу ұйымдастырған, мектептің ізшілері көптеген жауынгерлерді тапқан. Биыл соғыстың біткеніне 70 жыл толып отыр, сонда да атамның атағы әлі есімізде. «Өткенді білмей келешек жоқ» дегендей, өлкемізден небір нар қасқа жігіттер өтті, әсіресе сонау кеңестік дәуірдің қалыптасу кезеңінің өзінде сот төрелігін жүзеге асыруда аянбай еңбек етіп, әділдігімен ерекшелене білген Темірғали Өмірбаевты айтар едік. Алайда оның да кемелденге шағы соғыспен қатар келіп, Отан үшін от кешіп майдан даласында қаза болған еді. Аудан орталығында сот залында балаларымен кездесу өтті. Темірғали атам соғысқа кеткенде жолдасы Балқия 3 баламен қалды. Үлкені Нәсіпқали 4 жаста, Үнзира 2 жаста, Маруся 1 айлығында қалды. Жолдасы Балқия тынбай еңбек етті. Қозы ауылда дүкенші болды, одан кейін Есболға көшіп келіп «Маренка» деген

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жерде дүкенші болды, ол кезде соғыс кезі, машина жоқ, дүкенге затты қолшанамен тасыды, мамасына кішкентай баласы Нәсіпқали шана сүйреп көмектеседі, затты түсіретін грущик жоқ бәрін өзі түсіреді қапшық астық, шекер, күріш ауыр затты дүкенші өзі түсіреді, халыққа ас береді, халықтың алғысын алады. Әжем айтатын жылу жоқ қолым темірге жабысып қызыл қан болатын еді, ауыр қаптарды көтерді, іші бауырым түсіп кеткендей болады, сондай ауыр кезде тылда да әйелдер, балалар еңбек еткен. Әжем қолымен 5 кісіні армияға шығарып салған, жолдасын, қайнағасын, қайын інісін, екі ағасын, бірақ бәрінен қара қағаз келіп олар соғыстан оралмады. Олардың барлығының үй-іштерін қарт атасын әжем қамқорлыққа алған. 3 баласының қаза болғандарын естіп атасы қайғыдан қаза болған. Қайнағасының қызы (Үміт) баласын (Жолай) оқытып бір үй етіп шығарды. Ағаларымның балдарын қамқорлап болысып жүрдім. Жолдасы соңғы хаттарының бірінде балдарын аманат еткен. Өзінің үш баласын оқытып, адам етіп өсірді. Жолдасы Темірғали соғысқа кеткенде әжем Балқия 15 жаста екен, ешқайда кетпей жолдасының шаңырағын сөндірмей, балдарын өсіріп, бәрін үй етті. Баласын ұяға, қыздарын қияға қондырды. Жолдасының тілегін орындады. Бірақ жас кезінде көп қиындық көріп, қартайған шағында ауырып қайтты. Әжем өте қайсар, ержүрек, ер адам сияқты болған. Қазір әжемнің орынын ұстап отырған ұлы Нәсіпқали. Ұлы Нәсіпқали сабаққа жақсы болған. Ауылдағы Жамбыл атындағы орта мектепті аяқтап осы оқу ордасында зейнеткерлік демалысқа шыққанша ұзақ жылдар мұғалім болып еңбек етті. Мінезі салмақты, бойына ұстаздық қасиетінде, мінезінде дарытқан жан еді. Ол әкесінің Киев қаласы маңында жерленген зиратына барып тағзым етіп келіп, әке-шешесінің басына бір уыс топырақ алмастырды. «Орны бар оңалар» дегендей абзал жанның ұрпақтарымыз өз ғұмырымызды осылайша жалғап жатқан жайымыз бар. Ұрпақтан ұрпаққа мұра болып қалады ата-әжемнің есімдері біз ұрпақтар есімізде мәңгі сақтаймыз, біз оларды үлгі тұтамыз, мақтан етеміз. Мен, Отан үшін, халқы үшін тайсалмай ерлік көрсеткен атам үшін мақтанамын.

Нұрланқызы Әсима

9 сынып, С. Шарипов атындағы мектеп-интернаты
Мақат ауданы, Атырау облысы
Жетекшісі: Мырзағалиева Р.

Бұл күн – сол бір қанды қырғыннан қайтпай қалған
қыршын боздақтардың асқақ рухтарының аспандайтын күні.

Бұл күні – әділеттің әділетсіздікті жеңген күні.
Бұл күн бүгінгі ұрпақтың сіздер сыйлаған бейбіт
даму жолын одан әрі жалғастырып жатқан күні.
Н.Назарбаев

Адамзат тарихы алуан-алуан тарихи кезеңдермен әдіптеледі. Әр заманның өзіне тән сыр-сипаты, ерекшеліктері бар. Өмірдің жарқыраған жарық күні де, түнерген тұманды түні де болады. Осындай алмағайып кезеңнің бірі – Ұлы Отан соғысы. Бұл ерлік пен елдік, ар-намыс, отаншылдық пен биік рух аяусыз сынға түскен ғаламат тарихи сәт. Миллиондаған адамның өмірі толмаған, әрі мерейін үстем еткен тарихи оқиғаға 70 жыл толмақ.

Соғыс өртінен қаншама боздақтарымыз оралмады, қаншамасы арманда кетті. Отан үшін отқа түсіп, біздің бүгінгі бақытты өмірімізді қасық қанымен, жан тәнімен қорғап қалған арыстарымызды мәңгі ұмытпаймыз. Жеңіс жолында жанын құрбан еткен боздақтарымыздың ерлігіне ескерткіш қойылып, бүгінгі ұрпақ соны қастерлеп бас июде.

1941-1945 жылғы Ұлы Отан соғысына Қазақстан 1 миллион 366 мың адамын аттандырды. Жеңіс күніне олардың тек жартысының ғана аман жеткенін айтады. Қалғандары ұрыс даласында мәңгілікке көз жұмған. Ал бұл дегенің республика халқының 11 пайызы еді. Қандай қасірет десеңізші... Бірақ ол бізге “Жеңіс!”- атты қасиетті де қастерлі сөзді сыйлап кетті. Сондықтан да біз сол аталарымыз бен ағаларымызға мәңгілікке қарыздармыз. Өйткені, бұл Жеңіссіз планетада бейбітшілік болмас еді. Бұл Жеңіс болмаса көптеген елдер мен халықтардың тағдыры басқаша қалыптасар еді. Бұл Жеңіс бүгінгі тәуелсіз Қазақстанда болмас еді. Уақыт өз дегенін істемей қоя ма? Жыл өткен сайын біз Ұлы Жеңісті сыйлаған ардагерлеріміздің қатары сиреп барады.

Немістер ол кезде көп нәрсені білмеді. Өз тұсында төрткүл дүниені ат тұяғымен дүбірлеткен даңқты бабалардың лайықты ұрпағы қарсы тұрғанын білмеді. Азаттық жолында қаншама қиындықтарды бастан кешкен қазақ халқының ауыртпашылықтардан қабырғасы қайысса да, рухы түспейтінін, асылын берсе де, намысын бермейтінін білмеді.

Ұлы Отан соғысын жырламаған ақын кемде - кем. Солардың бірі Ж.Жабаев атамыз. Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінде-ақ Жамбыл айбынды жырларымен майдандағы жауынгерлердің, тылдағы еңбеккерлердің

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ерлік рухын айбынды жырларымен көтеруге атсалысты. “Ата жаумен айқастық” өлеңінде:

Асқар таудай еліме,
Байтақ жатқан жеріме
Шапты фашист дегенде,
Ашуменен аралас
Жыр да келді көмейге,

- дейді ақын.

Жамбылдың “Ленинградтық өренім” өлеңі соғыс жылдары поэзиясындағы ерекше көркемдік құбылыс болды. Ақын онда халық поэзиясының барлық бейнелеу мүмкіншіліктерін сарқа пайдаланып, отаншылдыққа рухы керемет әсерлі өлең өрнектерін жазады. Мұнда ақын жалпы қазақтың ерлік жырлары дәстүрін нақты жағдайға байланыстыра жалғастырып, жаңарта дамытқан. Өлең қолма-қол орыс тіліне аударылып, майдан мен тылға кеңінен тарады, сол кездегі Кеңес елінде ең көп жатталған өлеңдерінің біріне айналды.

Ленинградтық өренім,
Мақтанышым сен едің!
Нева өзенін сүйкімді,
Бұлағымдай көремін.
Жасағам жоқ өмірді,
Жау сойқанын көргелі.
Нева алабын қорыңдар,
Ленинградтық ерлері!
Ұрпаққа үлгі болыңдар,
Заманымның өрнегі!

Сол сұрапыл соғыста, Ленинград қаласын жаудан қорғаған ұрыс кезінде, Жамбылдың суреті басылып, “Ленинградтық өренім” өлеңі орыс тіліне аударылып, үлкен әріптермен жазылып, плакат болып қаланың көшелерінде, тақталарға, қабырғаларға жапсырылып қойылды, радиодан оқылды, майдандарға жеткізілді.

Отанға, халыққа деген сүйіспеншілік, ынтымақ, бірлік – Жамбыл шығармаларының негізгі арқауы.

Біз, соғыстан кейін ұрпақ кешегі Ұлы Отан соғысы жылдарындағы аға ұрпақтың- қазақтар мен қазақстандықтардың жанкешті ерлігі туралы тек оқулықтардан, көркем шығармалардан және кинотуындылардан ғана білеміз. Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында Ұлы Отан соғысында қаза тапқан боздақтардың рухына бас иіп, олардың ерлігінің саяси – тарихи, елдік мәні

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

туралы ойлану, пайымдау – кейінгі буынның азаматтың парызы. Соғыста біздің әкелеріміз ежелден еркіндік аңсаған ер қазақтың өршіл рухын, батырлығын әлемге паш етті. Қазақ ұлты ұландарының антқа адалдығын көрсетті. Отан соғысы майдандарында, жау тылығындағы партизандар мен Еуропа елдеріндегі қарсыласу қозғалысы қатарында шайқасып, фашизм концлагерьлерінде қаза тапқан өжет, қайсар қандастарымыз рухына бас иеміз...

Біз, кейінгі ұрпақтар енді соғыс болмасын деп сәбилік жүрегімізбен тілейміз. Ата – баба ерлігі мәңгі тарихта қала бермек, біз ұмытпай әруақытта тағзым етеміз. Енді соғыс болмасын! Әлемде баянды да, бақытты бейбітшілік орнасын! Жасасын Қазақстан!

Алдағы келе жатқан Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерекесіне төмендегі жыр жолдарын арнаймын:

Сұрапыл соғыс жылдары
Оралып қайта соқпасын!
Шырқалып Жеңіс жырлары,
Кернесін шаттық отбасын!
Сондықтан бейбіт өмірдің
Қорғайық ашық аспанын!
Күйлерін шертіп көңілдің
Жазайық бақыт дастанын!
Тойлайық жеңіс күндерін,
Сәбидің тыныш түндерін.
Ерлердің мәңгі есімін,
Ұмытпайды барша елім!

Орынбайұлы Темірлан

6 сынып, Қаракөл орта мектебі, Қызылқоға ауданы Атырау облысы
Жетекшісі: Ізімқұл Г. Ш.

«Қазақтың қанатты қызы» шығарма

(Хиуаз Доспанова туралы)

Өз басым осынау ғажайып жанға шынымен-ақ қайран қаламын. Жиырма жасар уыздай қыз өзі тіленіп майданға аттанып, түнде бомбалайтын Тамань полкінің құрамында соғыстың басынан аяғына дейін жүрді. Міне, бұл жеңімпаздардың құрыштай шыңдалған айрықша

ұрпағы.

Н.Ә.Назарбаев

Біз соғысты көрген ұрпақ емеспіз. Бірақ қаншама жылдар өтсе де ол туралы жаза білу, айта беру біз үшін құнды. Соғыста ерлік көрсетіп, аты аңызға айналған қазақ қыздары аз болған жоқ. Сондай батыр анамыздың бірі «Алтын жұлдыз», «Отан» ордендерінің иесі, соғыс кезінде «Қанатты қыз» атанған, ал бейбіт өмірде «Халық қаһарманы» атағын алып халқын қуантқан – Хиуаз Доспанова.

Хиуаз Доспанова Қайырқызы 1922 жылы 15 мамырда Атырау облысы Құрманғазы ауданына қарасты Зормата ауылында дүниеге келген. Балалық және жастық шағы Орал қаласында өткен. Өйткені, 1925 жылы әкесі Қайыр Доспанов қызмет бабымен осы қалаға ауысқан еді. Хиуаз 4 жасында туған ауылынан қол үзгенді. Анасы Меруерт партия ұйымының хатшысы қызметін атқарады. Қайыр мен Меруерттің Хиуаздан басқа Алма, Белмерген, Марат есімді балалары болған. Хиуаздың отбасысы Орал қаласына көшіп келгенде Мәншүк Мәметовамен бір көшеде көрші тұрып отбасымен араласып тұрған. Кішкентай кезінен Хиуаздың бойында алғырлық, батылдық, адалдық, қайсарлық қасиеттері көріне бастайды.

Хиуаз Қайырқызының балалық шағы да жастарға үлгі боларлық. Орал қаласындағы №1 мектеп - гимназиясында оқып жүріп-ақ «үздік» атанады.

8-сыныпта қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, комсомол ұйымының хатшысы болып сайланады.

Сөйтіп жүргенде, бір күні оған Орал қалалық комсомол комитетіндегілер қалада жаңадан аэроклуб ашылғалы жатқанын, оған арнайы мамандар әзірлеу керектігін айтады. Оған Хиуаз ойланбастан бірінші болып жазылады. Оның жанында отырған екі-үш ер бала мұны көріп батылданып кетіп, құрбысын қолтаптап өздері де жазылған көрінеді.

Хиуаз мектептегідей аэроклубта да үлгілі тәртіп, жақсы оқуымен басқалардан ерекшеленіп тұрады екен. Мектепті үздік бітірген оған «Еліміздің кез-келген оқу орнына емтихансыз қабылдансын» деген арнайы құжатпен қоса аэроклуб мүшесі ретінде әскери комиссариаттан «Запастағы әскери ұшқыш» деген анықтама беріледі. Сол кездегі кеңестік ұшқыш Валерий Чкаловқа ұқ-сап балалар атаулы «Чкалов боламыз» деп еліктеп өсті.

Қазақтың ұшқыш қызы жай, қарапайым, жеңіл ұшақпен шектелмей әскери ұшқыш болуды армандайды. Сөйтсе Мәскеудегі Жуковский атындағы Әскери әуе академиясы тек жігіттерді ғана қабылдайды екен. Хиуаз мұнда да алған бетінен қайтпай, Мәскеуді өз дегеніне көндіреді. Бұл жолы ол Мәскеу медицина институтына емтихансыз қабылданып, үздік студент әрі танымал спортшы атанады. Спорттың шаңғы тебу, жүгіру және гимнастика түрлерінен асқан шебер болады. Суреті қабырға газетінен бір түспеген. Хиуаздың қызық та қуанышқа толы студенттік өмірін сұм соғыс бұзды. Бойында патриоттық сезім шалқыған қазақ қызы өзге құрбылар секілді

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

демалыста үйіне кетпей, Мәскеу қорғанысына қатысу жұмыстарына қалады. Бүкіл ел соғысқа аттанып жатқанда, Хиуаз ақырын жүріп, сабақ оқи алмасын біледі. Медбике болып, тым болмаса санитар болып кеткісі келіп жүргенде бір күні «Марина Раскова қыз-келіншектер авиаполкін жасақтағалы жатыр» деген хабар құлағына жетеді. Сөйтіп өзінің кумирі саналатын атақты Марина Расковаға келеді. Басында сенімсіздік танытқанымен, артынан Хиуаз Саратовтың әскери-әуе училищесінде оқып, штурман дайындайтын сыныпты аяқтайды.

1942 жылы М.Раскованың ұйымдастыруымен алғашқы түнгі мезгілде жау позициясын бомбалайтын әйел ұшқыштар полкі құрылды. Құрамында 17 мен 22 жас аралығындағы 115 қыз бала қабылданады. Соның ішінде Хиуаз да штурман қызметін атқару үшін алынады. Ол кезде Хиуаз 20 жаста ғана еді. Осы қыздардың жетеуі тірі келген. Хиуаз үй ішіне де хабар бермейді. Майданға алғаш рет ұшқалы тұрған жас қыздың асығыс жазғаны: «Ең алғашқы әскери тапсырмамды орындауға ұшқалы тұрып мені ВКП (б)-ның қатарына алуларыңызды өтінемін. Егер өліп кетсем мені коммунист деп санаңыздар». Х.Доспанова.

Х.Доспанованың жастық шағының үш жылы соғыс майданында, жау ұшақтарымен шайқаста өтті. Неміс фашистері біздің ұшқыш қыздарымызды «Түн перілері» деп атап, зәре құты қалмай қорқатын көрінеді. Қайтпас қайсар қазақ қызының бір өзі бомбылағыш ұшағымен 300 рет әуе шайқасына қатысып, жауынгерлік ерліктері үшін «Қанатты қыз» атанған. 14 рет ұшақтан құлап, 4 рет қатты жарақаттанады. Бірде батыр қыздың ұшағы полктегі жасырын қону алаңына келе жатып апатқа ұшырайды. Екі ұшақ қонар тұста қатар соғылып опат болады. Хиуаздың қасындағы көмекші ұшқышы бірден қаза табады да, өзі жараланып, аяғын сындырады. Бірақ госпитальда ұзақ жатып емделетін, болмаса елге қайтарып жіберетін жағдай жоқ. Хиуаздың сынған аяғы әбден жазылып кете қоймайды, бірақ ол қайсарлығы мен батылдығын жоғалта алмады. Олар бомбылауға түнде шығатын. Хиуазды ұшаққа көтеріп апарып отырғызады. Ол нысандарға бомбаны қашан, қалай тастауды өте ше-бер және жасқанбай жасайтын. Бар болғаны он минут уақыт! Міне, қазақтың батыр қызы от пен оқтың үстінде жүріп, 300-ден астам жауынгерлік тапсырма орындаған екен. Теңдесі жоқ ерлік емес пе?! Майдан даласынан Хиуаздың анасы Меруертке «Ерлігі үшін, қайтпас қайсар, өжет қыз тәрбиелеп өсіргеніңіз үшін» деген жүрекжарды тілектер мен алғыс хаттар келіп жатты. Анасы да қызын бетке ұстап, арқа сүйеді. Оны анасының Хиуазға жазған хатынан білуге болады. Онда «Аяулы қызым! Мен сені мақтан тұтамын» делінген.

Хиуаз жеңіс күнін Нойе Бронденбург қаласында қарсы алады. Соғыстағы ерліктері үшін алдымен «Гвардиялық деген атақ беріледі. «Майдандағы ерлігі үшін» медалімен марапатталып, «Тама», «Қызыл-Жұлдыз», «Суворов» ордендері қадалды. 1945 жылы маршал

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

К.Рокоссовскийдің өзі соғыстың «II дәрежелі» орденін тақты. «Кавказды азат еткені үшін» медалі, «Германия түбіндегі жеңіс үшін» орденімен марапатталады. Әскери атағы аға лейтенант шеніне өседі. «Еңбек Қызыл Ту» ордені - соғыстан кейінгі еңбегінің жемісі.

Хиуаздың көзсіз батырлығын Кеңес Одағының Батыры, Эскадрилья командирі болған Марина Чечнова «Аспан әманда өзіміздікі» атты кітабында жазған болатын.

Мен қазақ қыздарына қайран қалам,
Жанары, жаны жаздай жайраңдаған,
Қыз өссе-елдің көркі деген сөзді

Қапысыз қалай айтқан, қайран бабам, - деп ақын Исраил Сапарбаевқа осындай ғажап өлең жолдарын тудыруға себепкер болған қазақ қызы керемет қой, шіркін!

Хиуаз Қайырқызы соғыстан кейін Орал облысының партия комитетіне қызметке тұрады. 1946 жылы Алматыдағы Жоғары партия мектебіне жолдама алып білімін жетілдіреді. Қазақстан Жастар Одағы орталық комитетінің хатшылығына, 1951 жылы ҚазССР-інің Жоғарғы кеңесінің депутаты және бірінші отырыстан соң Президиум хатшысы болып тағайындалады. 1959 жылы 37 жасында I топ. мүгедек есебінде ғұмырлық зейнеткерлікке шығады. Оның мүгедектік зейнеткерлікке шыққаны өзіне қатал рухани соққы болды. Біреулердей «мені неге айтпайсындар, неге жазбайсындар» деуді туа біткен қатал мінезі қаламады. Өзінің күш-қуаты барында 1960 жылы «Под командованием Расковой», 1963 жылы «Халқым үшін» деген майдан естеліктерін ғана жазумен шектелді. Соғыс кезінде Хиуазбен бірге көкке көтерілген орыс әйелдері Кеңес Одағы Батыры атағын иеленді. Тек қазақ қызы елеусіз қалғандай еді. Сол үлкен қателіктердің орнын түзеп, Ұлы Жеңістің 60 жылдығы қарсаңында тәуелсіздік алған еліміздің көреген басшысы Н.Ә.Назарбаевтың жарлығымен «Халық қаһарманы» атағы, «Алтын жұлдыз», «Отан» ордендері тапсырылды. Тәуелсіздіктің арқасында соғыс жылдарында көрсеткен батырлық пен ерліктері үшін мемлекетіміздің ең биік дәрежедегі наградасымен марапатталды.

Хиуаз апай мен жолдасы Шәку Әміров ақсақалдың Ерболат атты ұлы – математиканың білікті маманы, Қ.Сәтбаев ат. Ұлттық техникалық университетінің оқытушысы. Оның байлығы да, қызығы да Ерболат пен Иринадан туған немерелері – Баян мен Қанат.

Қазақтың қанатты қызы 86 жасқа қарағанда 2008 жылдың 21 мамыр күні дүниеден өтті. Қазақ әйелдерінен «Халық қаһарманы» атанған жауынгер ананы біреулер білсе, біреулер білмейді. Ұлы Жеңістің 65 жылдығының қарсаңында туған жері Атыраудағы Х. Доспанова атындағы мәдени-спорт кешенінің алдына Хиуаз бейнесін тастұғыр етіп орнатты. Ұшқыш қызға арналған ескерткіш салтанатты түрде, жұртшылықтың қатысуымен ашылды. Мерекелік шараға жиналған жұртшылық ескерткішке қарап, туған жеріне

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

тастұғыр боп оралған батыр қыздың кеудесі орден, медалға толы әскери ұшқыш киіміндегі бейнесінен ерекше әсер алды. Батыр қыздың ерге лайық есімін қастерлеп, ұмытпау бағытында Х.Доспанова есімі Атыраудағы мұз айдынына, көше, мектептерге берілді. Оған қоса, 2008 жылы қайта жаңартылып жасалған орталықтағы жеңіс алаңына Құрманғазы топырағында дүниеге келген бес батырға орнатылған мәрмәр тас ескерткіштің біреуі Х.Доспановаға арналған.

2013 жылдың қуанышты жаңалығы-«Эйр Астана» әуекомпаниясының ұсынуымен «Embraer - 190» жайлы реактивті ұшағы арқылы жүзеге асатын Атырау-Мәскеу бағытындағы жаңа рейс ашылды. «Эйр Астана» әуекомпаниясының аға вице-президенті Ербол Оспановтың айтуынша:

«Кеден Одағының аясындағы экономикалық ынтымақтастықтың екі ел арасындағы маңыздылығы», - деген болатын. Осы ұшаққа қазақтың тұңғыш ұшқыш қызы, Халық қаһарманы Хиуаз Доспанованың есімі берілді. 1 сәуір күні «Атырау» халықаралық әуежайында Х.Доспанова атындағы ұшақтың тұсаукесері өз жерінде кесілуі - апамыздың ерлік, өнегелі істерінің бүгінгі жас ұрпаққа жеткендігі. Тіпті, алғашқы рейс Ресей астанасына сол күні кешкісін ұшып кеткен.

Сөзімді қорытындылай келе, қай халық та өз батырын қастерлеп, атын асқақтатқан. XX ғасырдың ерен ер, жұлдызды батырлары, халқымыздың мәңгілік мақтанышы, жастарымыздың өшпес үлгі - өнегесі қос шынар аталған Әлия мен Мәншүктің қатарлас замандасы, қазақтың ұшқыш офицер қызы, батыр Хиуаз апамыздың даңқын асырып, мақтанышпен үнемі еске аламыз.

Ұлы Жеңісті жақындатуға атсалысқан Хиуаздың қаһармандығы, майдан даласында көрсеткен ерлік пен қайсарлық халықтың жадында мәңгілікке қала бермек. Қан майданда табандылық пен ерліктің, жүректілік пен батылдықтың үлгісін көрсеткен қаһарман апамызға тағзым етіп, сый-құрмет көрсету – бүгінгі ұрпақ, біздің парызымыз!

Халықтың қаһарман, ержүрек, батыр, қанатты қызы Хиуаз Доспанова есімі ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, өмірге келер ұрпаққа үлгі болып, елімен бірге мәңгі жасағай! Х.Доспанова ұшағы тәуелсіз еліміздің көк аспанында мәңгі қалықтай бермек!

Сәрсен Перизат

6 сынып, №19 орта мектебі
Құлсары қаласы Атырау облысы

9 мамыр – Ұлы Жеңіс мерекесі

9 мамыр – Ұлы Жеңіс мерекесі. Бұл сол кездегі Кеңес халқының ер жүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Осынау айтулы күнді жыл сайын ерекше құрметпен атап өтеміз, алайда, биылғы бұл мереке ерекше болғалы тұр. Себебі- биыл Ұлы Жеңіске 70 жыл! Мінекей, осылайша қанды қырғын шайқастың жеңіспен аяқталғанына да осындай уақыт болып отыр. Мен үшін бұл мереке Отан үшін жанын салған, нағыз қайсар, нағыз батыр ардагерлердікі деп білем. Ал біз, кейінгі ұрпақ бұл күнді ойын – сауықпен бос өткізбеуіміз керек. Біздің парызымыз – жеңіске өз септігін тигізе білген әрбір ардагер мен тылда қызмет еткендердің ерлігін бағалап, оларға тағзым ету. Менің ойымша, оларға қандай сый – құрмет көрсетсе де лайықты. Олар туған елін, жерін, ұрпағын сақтаған жандар. Олар болмаса біз осылай күн кешер ме едік? Қазіргі таңдағыдай бейбіт, тәуелсіз елде дәл осылай бақытты балалық шағымыз өтер ме еді? Оны ойлаудың өзі қорқынышты.

Ұлы Отан соғысы кезеңі халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл, 1941-1945 жыл аралығындағы күн мен түнде өз жері мен Отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан қилы соғыс жүріп жатты. Бұл зұлмат жылдар Кеңес халқы, соның ішінде қазақ халқына да ауыр тиген жоқ. Қаншама ер-жігіттер қыршынынан қиылды, қаншамасы мүгедек болып елге оралды. Сол кездерде соғыс зардабын тек ер адамдар ғана көрді демейміз. Нәзік жандылар да қолға қару алып, майданға барды. Аналарымыз баласынан айырылса, әйелдер ерінен көз жазды. Сарғайып сағына күткен күндер көбейген шақ еді...

Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен қазақ батырлары – Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметовалардың асқан ерліктері ел жадынан ешқашан өшпейді. Рейхстагқа тікелей шабуыл жасап, оған Жеңіс туын тіккендердің қатарында қазақстандық Рақымжан Қошқарбаев та мәңгі ел аузында қалмақ.

Бұл жеңіс достықтың арқасында келді деуге де негіз бар. Өйткені Кеңес одағының 15 елі бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара білді. Қазақстан, Әзірбайжан, Армения, Беларуссия, Грузия, Қырғызстан, Латвия, Литва, Молдавия, Ресей, Тәжікстан, Түркіменстан, Өзбекстан, Украина, Эстония халқы өзара ынтымақтастықта, бірлікте болғанының арқасында жеңіс туы желбіреді.

Кеңес одағының жауынгерлері өз елін жаудан қорғады, олар келешек ұрпаққа жарқын болашақ сыйлады, Отан үшін отқа түсті, жанын қиды. Майданда мерт болған жауынгерлер бұл күнді көре алмады, бірақ армандады.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Армандары орындалды. Оларға бүгінгі күннің ұрпағы мың мәрте алғыс айтады.

Біз де осы батырлардан үлгі алуымыз керек. Оларды ерен ерлігі туралы ақын – жазушылардың шығармалары көп. Соның ішінде Сағи Жиенбаев ағамыздың батыр қыз Әлия туралы былай дейді:

Даламыздың даңқысың,
Балауса гүл – балғын қыз.
Жанын қиып халқы үшін,
Жанып түскен ақ жұлдыз

Қазақ халқымыз «батыр туса – ел ырысы» деген. Біздің елімізде де үнемі ел ырысы үшін туған батырлар көбейе берсін дейміз.